ПІКІР

2 Ел бірлігіне нұқсан келмеу керек



МӘСЕЛЕ

3 Той тойлайтын уақыт емес



ЭКОНОМИКА

4 Индустриялық аймақтар



МҰРА

6 Абайдың рухани ілімі





# Сыр бойы

№47 (19923)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

2 сәуір, **бейсенбі** 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz


# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

**Құрметті отандастар!**

Қазір бүкіл әлем бұрын-соңды болмаған күрделі жағдаймен бетпе-бет келіп отыр.

Коронавирус індеті дүние жүзін жайлап барады.

Бүгінде 177 мемлекетте 800 мыңға жуық адам осы дертке шалдықты.

Оны жұқтырғандар саны күннен-күнге артуда.

Біз төтенше жағдай жариялап, Қазақстанда вирустың жаппай таралуына жол бермедік.

Соның арқасында ахуалды бақылауда ұстап отырмыз.

Халқы Қазақстанмен шамалас кейбір елдерде коронавирусқа шалдыққандар ондаған есе көп.

Мен елорда мен Алматыда ғана емес, еліміздің барлық өңірінде карантинді күшейтуді тапсырдым.

Барша қазақстандықтарға сабыр сақтап, түсіністік танытқаны үшін алғысымды айтамын.

Біз дүрбелең тудыруға жол бермейміз.

Дәл осы кезде халық мемлекетке қолдау көрсетуі керек.

Бұл – аса маңызды.

Коронавирус – батпандап кіріп, мысқалдап шығатын қауіпті дерт.

Дегенмен, біз індетке шалдыққан адамдарға барлық қажетті көмекті көрсетеміз.

Бүгінде бүкіл еліміз дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің қайсарлығына тәнті болуда.

Олар – адам өміріне араша түсіп жатқан бүгінгі күннің батырлары.

Сондықтан пандемияға қарсы күрестің алдыңғы легінде жүргендерге қосымша қолдау көрсету жөнінде шешім қабылдадым.

Дәрігерлерге және медицина қызметкерлеріне 3 ай бойы қосымша үстемеақы төленеді.

Медицина қызметкерлерінің өмірін сақтандыру мәселесі де шешімін тапты.

Әрине, ақ халатты абзал жандар бұдан да зор қолдауға лайық.

Сондай-ақ полиция қызметкерлері мен әскери қызметшілерге де айрықша алғыс білдіремін.



Төтенше жағдай режимінің қашанда экономикалық және әлеуметтік салдары болады.

Біз үшін азаматтардың денсаулығымен қатар олардың өз табысынан айырылмауы да маңызды.

Мен бұған дейін дағдарысқа қарсы алғашқы шаралар топтамасын жарияладым. Үкімет пен әкімдер оны жүзеге асыруды бастады.

Жағдайдың ушыға түскенін ескеріп, азаматтарға және бизнеске одан әрі қолдау көрсету жөнінде мынадай қосымша ше-шімдер қабылдадым.

**Бірінші.** Инфляцияның артуына байланысты зейнетақы, мемлекеттік жәрдемақы және атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін жылдық өлшеммен алғанда, 10 пайызға индексациялауды тапсырамын.

Осыған орай, аталған санаттағы азаматтардың табысын арттыру үшін мемлекет тарапынан 200 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінеді.

**Екінші.** Биылғы 23 наурызда табысынан айырылған азаматтарға ең төменгі жалақы мөлшерінде қолдау көрсетілетіні туралы айттым.

Енді осы көмекті алатын азаматтардың санатын кеңейтуді тапсырамын.

42500 теңге көлеміндегі бұл қаражат бұрын тұрақты жұмыс істеп, жалақы алғандарға ғана емес, сондай-ақ өзін өзі жұмыспен қамтыған және ресми тіркелмей еңбек ететін азаматтарымызға да берілуге тиіс.

Мұндай көмекті алу үшін олар өздерінің мәртебесін бекітуге тиіс. Содан кейін аталған азаматтар төтенше жағдай кезеңінде мемлекеттен ай сайын әлеуметтік көмек алып отырады.

Еш жерде көрсетілмесе де, жеткілікті табысы бар адамдар осы төлемді алу үшін өтінім беруі мүмкін.

Бұған дейін де осындай жағдай болғаны жасырын емес.

Бірақ кейбір жауапсыз адамдардың кесірінен шын мәнінде көмекке мұқтаж жүз мыңдаған азаматымызды қолдаусыз қалдыра алмаймыз.

Жалпы, 23 наурызда және бүгін жарияланған шаралардың нәтижесінде 3 миллионға жуық азаматымызға көмек көрсетіледі.

**Үшінші.** Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша сақтандырылмаған азаматтардың медициналық көмек алу құқығын 1 сәуірден 1 шілдеге дейін ұзартуды тапсырамын.

Аталған сақтандыру жүйесінде болу-болмауына қарамастан, осы кезеңде азаматтарымызға толық медициналық көмек көрсетілуге тиіс.

**Төртінші.** Тұрмысқа қажетті заттар мен азық-түлікті тегін алатын азаматтардың санатын кеңейту керек.

Мұндай көмек түрі қосымша 1-ші, 2-ші, 3-ші топтағы мүгедектерге, мүгедек балаларға және жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтарға берілуі қажет.

Осындай шара арқылы 800 мыңнан астам адамға көмек көрсетеміз.

Бұл ретте тұрмысқа қажетті заттар мен азық-түліктің шекті мөлшерін бекіткен жөн.

Жергілікті шағын және орта бизнесті өнім өндіру және оны жеткізу ісіне жұмылдыру қажет.

Үкімет отандық IT-компанияларды әлеуметтік қолдауға бөлінген қаражаттың мақсатқа сай жұмсалуына тиімді мониторинг жүргізетін платформа әзірлеу жұмысына тартуы керек.

Алдағы уақытта мұндай көмекті заттай емес, азаматтардың өздері таңдап, сатып алуы үшін қаржылай беруге көшкен жөн.

**Бесінші.** Көктемгі егіс науқанын уақытылы өткізу аса маңызды.

Бюджеттен 70 миллиард теңге бөлінеді. Бұл қаражат шаруаларға «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы беріледі. Оның үстемеақысы 5 пайыздан аспайды.

Осы мақсатқа «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы арқылы қосымша 100 миллиард теңге бөлуді тапсырамын.

Аталған бағдарлама аясындағы түпкі мөлшерлеме барлық салалар бойынша біріздендіріліп, 6 пайыз болды.

Ең алдымен шағын және орта шаруа қожалықтарына қолдау көрсеткен жөн.

Сонымен қатар Үкіметке жанармайдың нарықтық бағасын 15 пайызға арзандатып, 165 теңгеге дейін төмендету міндеті жүктелді.

Осыны қамтамасыз ету үшін 390 мың тонна жанармай жеңілдікпен сатылатын болады.

2-бет.

● ҚАБЫЛДАУ

## Тұрақтандыру қоры толыға бермек

**Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Байқоңыр» ӘКК» АҚ басқарма төрағасы Темірхан Кенжебаевты қабылдады. Аймақ басшысына корпорациясының жыл басынан бергі атқарған жұмыстары және алдағы жоспарлары баяндалды.**

Темірхан Кенжебаев өңірдегі тұрақтандыру қорына қатысты мәселелерді айтты. Қазіргі таңда корпорацияның қоймаларында 2 880 тонна азық-түлік қоры бар. Бірақ бұл облыс халқын толық қамтамасыз етуге жеткіліксіз. Сондықтан бюджеттен қосымша қаржы қарастырылуы тиіс.

«Бүгін бізге қосымша 500 тонна картоп, 134 тонна қант келе жатыр. Кеше ғана бір вагон қарақұмық келді. Қостанайдан 100 тонна макарон өнімі жіберілді. Келісім-шарттарымыз бар. Ақша аударылса, қосымша жеткізіледі» деді корпорация басшысы.

Аймақ басшысы облыстық мәслихаттың сессиясында қаражат мәселесі шешілетінін айтты.

## Ардагерлер кеңесінің төрағасымен кездесті

**Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаевпен кездесті. Кездесуде аймақ ардагерлерінің жағдайы мен кеңестің қоғам өміріндегі маңызы талқыланды.**

«Облыстық ардагерлер кеңесі белсенді жұмыс істеуде. Өңірде 723 бастауыш ұйым бар. Аталған ұйымдарға 74 мыңға жуық ардагер мүше. Қазіргідей төтенше жағдай кезеңінде әрқайсымен телефон арқылы байланысып, жағдайларын біліп отырмыз» деді Серік Дүйсенбаев.

Аймақ басшысы коронавирус індетінің өршуіне байланысты ардагерлердің үйде отыруы маңызды екенін атап өтті.

«Жаңа қызметімді үлкендеріміздің ақ батасын алып бастасам деймін. Біз қай заманда да үлкенін сыйлап, құрметтей білген халықпыз. Содан да болар, бізде атадан балаға жалғасқан ұрпақтар сабақтастығы берік қалыптасқан. Өкінішке қарай, қариялармен жүзбе-жүз кездесіп, пікірлесудің сәті түспей келеді. Алайда вирусты жеңгеннен кейін арнайы кездесу ұйымдастырамыз. Елді мекендерді аралаған кезде де арнайы жүздесетін боламын. Дәл қазір үйден шықпай, денсаулықтарын сақтағаны жөн. Ардагерлерімізге сәлемімді жеткізсеңіз» деді облыс әкімі.

Кездесу соңында кеңес төрағасы аймақ басшысының қызметіне сәттілік тілеп, облыстың дамуы мен ішкі ахуал тұрақтылығын сақтауға бағытталған тың бастамаларға қолдау көрсететінін жеткізді.

## Қоғамдық кеңес – бұқара мен биліктің көпірі

**Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Бақытжан Сайлыбаевты қабылдады. Қабылдауда Бақытжан Әбдіқалықұлы қоғамдық кеңестің қызметі мен жоспарлары туралы баяндады.**

«Өзіңіз білетіндей, қоғамдық кеңес – әлеуметтік-экономикалық маңызды мәселелер бойынша пікір білдіретін дербес, байқаушы орган. Біздің кеңес бұқараны алаңдатқан өзекті жайттарды билікке жеткізіп келеді. 17 наурызда жылдық жұмыс жоспарды бекіттік. Қоғамдық кеңес әрқашан бірлесіп жұмыс істеуге дайын» деді Бақытжан Сайлыбаев.

Облыс басшысы қоғамдық кеңестің ел өміріндегі орны ерекше екенін атап өтіп, кез келген түйткіл түйінін тарқатуға атсалысу қажеттігін еске салды. Әсіресе, қазіргідей қиын жағдайда тұрғындарды бірлікке, ынтымаққа, күш біріктіруге шақырудың маңыздылығына тоқталды.

«Бәріне белгілі, қазіргі уақытта үлкен сынақтан өтіп жатырмыз. Әлемді жаулаған коронавирус бізді де айналып өтпеді. Бүгінгі ең өткір мәселе – осы індет. Сын сағатта қоғамдық кеңес мүшелерінің тұрғындарды бірлікке шақыруы маңызды. Вируспен бірге күресіп, азаматтарға сақтық шараларын қатаң сақтауды түсіндіруіміз қажет» деді Гүлшара Әбдіқалықова.

Айта кетейік, облыстық қоғамдық кеңеске құрамында мемлекеттік орган өкілдері, қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер және қоғам белсенділері бар.

● ТАЛҚЫ

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ ТӨМЕНДЕМЕУІ ҚАЖЕТ

**Сейсенбіде облыстық мәслихаттың кезектен тыс сессиясы өтті. Онда 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджетке өзгерістер мен толықтыру енгізу мәселесі қаралды.**

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова елімізде жарияланған төтенше жағдай кезінде жедел шешімдер қабылдау қажеттігін айтты.

«Баршамызды коронавирустың таралуы алаңдатады. Бұл жағдайды әлемдік экономикалық дағдарыс, азық-түлік бағасының тоқтаусыз өсуі секілді келеңсіз жайттар одан әрі ушықтыра түсуде. Әрине, бұл қиындықтар біздің өңірді айналып өтпейтіні анық. Біздің ендігі ортақ міндетіміз – осындай сын шақта ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев және Үкіметпен жүктелген тапсырмаларды мінсіз жүзеге асыру. Облыс халқын бірінші кезектегі әлеуметтік маңызы бар негізгі азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету мақсатында Өңірлік тұрақтандыру қорын бірінші кезектегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен толықтыруға жергілікті атқарушы орган резервінен 105,8 млн теңге бөлінген. Бұл қаржыға 720 тонна азық-түлік қоры сатып алынды. Әрі қарай тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз етуге, қиын кезеңде әлеуметтік жағдайды төмендетпеуге жұмыс істеуіміз қажет», – деді облыс әкімі.

«Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша негізгі азық-түлік өнімдерін қамтамасыз етуге және бағаны тұрақтандыруға, сондай-ақ коронавирус індетін алдын алу мақсатында облыс әкімінің резервіне қосымша қаражат бөлінетін болды.

Сонымен қатар, төтенше жағдайға байланысты елімізде 2020-2021 жылдарға арналған жұмыспен қамтудың Жол картасы қабылданды. Бұл құжат әлеуметтік маңызға ие, халықты еңбекпен қамтуға, жұмыссыздықтың алдын алуға бағытталған. Бағдарламаны өңірде іске асыру үшін жоспарланған қаржының бір бөлігін қаржылық несие ретінде беру мәселесі шешімін тапты.

Айта кетейік, облыстық мәслихаттың кезектен тыс сессиясы бейнебайланыс арқылы өткізілді.

**«СБ» ақпарат.**

# ОБЛЫС ӘКІМІ ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУҒА ШАҚЫРДЫ

**Құрметті сырбойылықтар!**

Облыста коронавирус індетінің таралуы қарқын алып барады. Бұған қарсы қатаң шараларды қабылдамасақ, жағдай ушыға береді. Сіздерден сұрайтыным, карантин талаптарын қатаң сақтауымыз керек. Отбасылық жиын-тойларды мүлде өткізбеуге шақырамын. Әсіресе, егде жастағы азаматтар осы ережеге бағынуы тиіс. Аса қажеттілік болмаған жағдайда, үйден шықпағандарыңыз жөн.

Қазіргі таңда, Қызылорда облысында 24 азаматтан коронавирус инфекциясы анықталды. Қызылорда қаласында – 6 жағдай, Жаңақорған ауданында – 15, Қармақшыда – 2, Шиеліде – 1. Бүгін анықталған 6 науқастың екеуі Жаңақорғаннан. Олардың ауру жұқтырған алғашқы адаммен байланысы бар. Шиеліде және Қызылорда қаласында тіркелген індет жұқтырған адамдар да жаңақорғандық науқаспен тығыз қарым-қатынаста болған. Қармақшыдағы жағдай бойынша, бір науқас Алматыдан келген. Ал екіншісінің қай жақтан екендігі анықталып жатыр.

Жалпы облыс бойынша инфекциялық стационарда – 18, провизорлық стационарда – 8, карантиндік стационарда – 95 азамат жатыр.

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еліміздегі төтенше жағдайға және мемлекеттің дағдарысқа қарсы іс-шараларына байланысты мәлімдеме жасады. Ең алдымен шағын және орта бизнеске қолдау көрсету мақсатында бұрын-соңды болмаған шаралар қолға алынатын болды. Менің ойымша, бұл – экономикамыздың қозғаушы күші саналатын сала өкілдеріне деген бірегей мүмкіндік. Сондай-ақ, Президент ақ халатты абзал жандардың қызметіне құрметпен қарауға шақырды. Осы мақсатта, дәрігерлер мен медицина мамандарына үш ай бойы қосымша үстемақы төленетінін айтты.

Аграрлық аймақ саналатын Сыр өңірінің де еңбеккерлері осындай қолдауға ие болады. Сала кәсіпкерлерінің қаржылық институттар арқылы жеңілдетілген несие алуына мүмкіндік қарастырылған. Сонымен қатар, дизель отынының нарықтық бағасы 15 процентке арзандатылып, жеңілдікпен жеткізіледі.

Әлемде коронавирус індетінің таралып, жаһандық экономика дамуының бәсеңсуі салдарынан инфляциялық процеске тосқауыл қою қиын болып отыр. Осыған байланысты Мемлекет басшысы зейнетақы және мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін, сондай-ақ, арнаулы әлеуметтік көмек мөлшерін қайта қарауды міндеттеді.

Мемлекет аз қамтылған отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың жағдайын да ескеріп, тұрмысқа қажетті заттар және азық-түлікпен толық қамтамасыз етеді. Облыстағы барлық деңгейдегі әкімдер Президент тапсырмасын жүзеге асыруы тиіс. Облыстық әкімдік тиісті шешімдер қабылдайтын болады. Сыр жұртшылығы бұл қиындықты да еңсереді. Біз біргеміз!

**Қызылорда облысының әкімі Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА.**



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ 1 ЕТЖ (42 500 ТЕҢГЕ) КӨЛЕМІНДЕ ТӨЛЕМДІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

ҚР ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ

ЕГЕР СІЗ ЖҰМЫС БЕРУШІ БОЛСАҢЫЗ ЖӘНЕ СІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІҢІЗ ЖАЛАҚЫСЫ САҚТАЛМАЙТЫН ДЕМАЛЫСҚА ЖІБЕРІЛСЕ, СІЗГЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІҢІЗ ТӨЛЕМ АЛУ ҮШІН ӨТІНІШ БЕРУ ҚАЖЕТ:

«ЭЛЕКТРОНДЫҚ ӨТІНІШТЕР» СЕРВИСІНІҢ ПАРАҚШАСЫНА КІРУ ҮШІН СКАНЕРЛЕУ ЖҮРГІЗІҢІЗ

*ТЖ байланысты кіріс төмендеген кезде

1. egov.kz порталында авторизациялану
2. Оң жақ жоғарғы бұрышында өз ТАӘ басу, «Электрондық өтініштер» тармағын таңдау
3. Ашылған терезеде «құру» батырмасын басу
4. Барлық қажетті өрістерді толтыру. «Мазмұны» жолында «Төтенше жағдай кезеңінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік төлемді тағайындау» көрсетілсін
5. Өтініштің электрондық нұсқасын тіркеу
6. Қызметкерлер тізімінің электрондық нұсқасын бекіту
7. ЭЦҚ қол қойып, өтінішті жіберу.

Жауап 3 жұмыс күні ішінде egov.kz-те жеке кабинетке келеді

Қосымша ақпарат алу үшінсілтемені пайдаланыңыз немесе QR-кодты сканерлеңіз
HTTPS://WWW.ENBEK.KZ/DOCS/RU/1MZP

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ 1 ЕТЖ (42 500 ТЕҢГЕ) КӨЛЕМІНДЕ ТӨЛЕМДІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

ҚР ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ

ЕГЕР СІЗ ЖАЛАҚЫСЫ САҚТАЛМАЙТЫН ДЕМАЛЫСҚА ЖІБЕРІЛГЕН ЖАЛДАМАЛЫ ЖҰМЫСКЕР БОЛСАҢЫЗ:

«ЭЛЕКТРОНДЫҚ ӨТІНІШТЕР» СЕРВИСІНІҢ ПАРАҚШАСЫНА КІРУ ҮШІН СКАНЕРЛЕУ ЖҮРГІЗІҢІЗ

*ТЖ байланысты кіріс төмендеген кезде

1. egov.kz порталында авторизациялану
2. Оң жақ жоғарғы бұрышында өз ТАӘ басу, «Электрондық өтініштер» тармағын таңдау
3. Ашылған терезеде «құру» батырмасын басу
4. Барлық қажетті өрістерді толтыру. «Мазмұны» жолында «Төтенше жағдай кезеңінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік төлемді тағайындау» көрсетілсін
5. Өтініштің электрондық нұсқасын тіркеу
6. Өзін көрсете отырып, тізімнің электрондық нұсқасын бекіту
7. ЭЦҚ қол қойып, өтінішті жіберу.

Жауап 3 жұмыс күні ішінде egov.kz-те жеке кабинетке келеді

Қосымша ақпарат алу үшінсілтемені пайдаланыңыз немесе QR-кодты сканерлеңіз
HTTPS://WWW.ENBEK.KZ/DOCS/RU/1MZP

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ 1 ЕТЖ (42 500 ТЕҢГЕ) КӨЛЕМІНДЕ ТӨЛЕМДІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

ҚР ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ

ЕГЕР СІЗ ӨЗ-ӨЗІҢІЗГЕ РЕСМИ ТҮРДЕ ЖҰМЫС ЖАСАП ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ/ НЕМЕСЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫН ТӨЛЕСЕҢІЗ (ЖК, ЖЕКЕ ПРАКТИКА, ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕСІЗ (БЖТ ТӨЛЕУШІЛЕР), АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАҒЫ ШАРТТАР БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТСЕҢІЗ):

«ЭЛЕКТРОНДЫҚ ӨТІНІШТЕР» СЕРВИСІНІҢ ПАРАҚШАСЫНА КІРУ ҮШІН СКАНЕРЛЕУ ЖҮРГІЗІҢІЗ

*ТЖ байланысты кіріс төмендеген кезде

1. egov.kz порталында авторизациялану
2. Оң жақ жоғарғы бұрышында өз ТАӘ басу, «Электрондық өтініштер» тармағын таңдау
3. Ашылған терезеде «құру» батырмасын басу
4. Барлық қажетті өрістерді толтыру. «Мазмұны» жолында «Төтенше жағдай кезеңінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік төлемді тағайындау» көрсетілсін
5. Өтініштің электрондық нұсқасын тіркеу
6. Өзін көрсете отырып, тізімнің электрондық нұсқасын бекіту
7. ЭЦҚ қол қойып, өтінішті жіберу.

Жауап 3 жұмыс күні ішінде egov.kz-те жеке кабинетке келеді

Қосымша ақпарат алу үшінсілтемені пайдаланыңыз немесе QR-кодты сканерлеңіз
HTTPS://WWW.ENBEK.KZ/DOCS/RU/1MZP

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ 1 ЕТЖ (42 500 ТЕҢГЕ) КӨЛЕМІНДЕ ТӨЛЕМДІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

ҚР ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ

ЕГЕР СІЗ ӨЗ-ӨЗІҢІЗГЕ БЕЙРЕСМИ ТҮРДЕ ЖҰМЫС ЖАСАП, ҚАНДАЙ ДА БІР АУДАРЫМДАРДЫ ЖАСАМАҒАН БОЛСАҢЫЗ (МЫСАЛЫ, ТАКСИ ЖҮРГІЗУШІСІ, БАЛА КҮТУШІ ЖӘНЕ Т. Б.)

«ЭЛЕКТРОНДЫҚ ӨТІНІШТЕР» СЕРВИСІНІҢ ПАРАҚШАСЫНА КІРУ ҮШІН СКАНЕРЛЕУ ЖҮРГІЗІҢІЗ

*ТЖ байланысты кіріс төмендеген кезде

1. БЖТ төлеу (қалада 2 651 теңге, ауылдық аудандарда 1 325,5 теңге). Мұны «Қазақстан Халық банкі», «Fortebank», «Сбербанк»,«JusanBank», «Банк центр кредит», «Каспи банк» банктерінің мобильдік қосымшаларында, банктер мен «Қазпошта» бөлімшелерінде, сондай-ақ SMS арқылы жасауға болады.
2. egov.kz порталында авторизациялану
3. Оң жақ жоғарғы бұрышында өз ТАӘ басу, «Электрондық өтініштер» тармағын таңдау
4. Ашылған терезеде «құру» батырмасын басу
5. Барлық қажетті өрістерді толтыру. «Мазмұны» жолында «Төтенше жағдай кезеңінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік төлемді тағайындау» көрсетілсін
6. Өтініштің электрондық нұсқасын тіркеу
7. Өзін көрсете отырып, тізімнің электрондық нұсқасын бекіту
8. ЭЦҚ қол қойып, өтінішті жіберу.

Жауап 3 жұмыс күні ішінде egov.kz-те жеке кабинетке келеді

Қосымша ақпарат алу үшінсілтемені пайдаланыңыз немесе QR-кодты сканерлеңіз
HTTPS://WWW.ENBEK.KZ/DOCS/RU/1MZP

ЕГЕР СІЗ ЖҰМЫСЫҢЫЗДАН АЙЫРЫЛСАҢЫЗ (ЖҰМЫСТАН БОСАТЫЛСА), ЕҢБЕКМИНІ ЖҰМЫС ТАБУҒА КӨМЕКТЕСУГЕ ДАЙЫН.

МИНИСТЕРСТВО ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ РК

ЕГЕР СІЗ ЖҰМЫС ТАБА АЛМАСАҢЫЗ, СІЗГЕ ЖҰМЫСЫНАН АЙЫРЫЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ ТАҒАЙЫНДАЛУЫ МҮМКІН

ОТСКАНИРУЙТЕ, ЧТОБЫ ПОПАСТЬ НА СТРАНИЦУ СЕРВИСА "ЭЛЕКТРОННЫЕ ОБРАЩЕНИЯ"

ОЛ ҮШІН:
1.egov.kz порталында авторизациялану
2.Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту бөлімінде «Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу» қызметін таңдау
3.Қызметті онлайн тапсырыс беріп, барлық алаңдарды толтырыңыз және ЭЦҚ қол қойып өтінімді жіберіңіз.
4. 3 күн ішінде сіз жұмыс (қашықтан) табуға тырысыңыз. Мұны Жұмыспен қамту орталығы бос жұмыс орындарын ұсынатын enbek.kz сайтынан жасай аласыз.
5. Егер осы мерзім ішінде жұмыс табылмаса, азаматқа қашықтықтан жұмыссыз мәртебесі беріледі (қажет болған жағдайда қосымша ақпарат алу үшін ХЖҚО қызметкері сізбен хабарласады).
6.Төлем автоматты түрде тағайындалады және жалақының 40%-ын құрайды.

ДЛЯ ДОПОЛНИТЕЛЬНОЙ ИНФОРМАЦИИ ИСПОЛЬЗУЙТЕ ССЫЛКУ ИЛИ ОТСКАНИРУЙТЕ QR-КОД
HTTPS://WWW.ENBEK.KZ/DOCS/RU/1MZP

egemen.kz

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

Арзан жанармай шаруаларға дейін жетуге тиіс. Оны жеткізетін «операторлардың» жұмысы толығымен ашық болуы керек.

Үкімет пен Бас прокуратура өңірлерде тиісті бақылау мен қадағалау жұмыстарын қамтамасыз етуге тиіс.

Карантин жағдайында күрделене түсетін бірқатар мәселе бар.

Бұл – кепілге қойылған мүлікті халыққа қызмет көрсету орталықтарында ресімдеу, нотариалды куәландыру, қосалқы бөлшектер сатып-алу және т.б.

Сондықтан Үкімет пен әкімдіктер көктемгі егіс науқанын ерекше бақылауға алуы керек.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан алғанда әр күніміздің маңызы зор.

**Алтыншы.** Карантинге байланысты елорда, Алматы және Шымкент қалалары төңірегінде еңбекке жарамды, бірақ жұмыссыз қалған азаматтардың саны арта түсті. Бұл, ең алдымен, жастарға қатысты.

Үкімет пен әкімдер «Жұмыспен қамту жол картасы» аясында аталған өңірлерде нақты жобаларды жүзеге асыруды дереу қолға алуы қажет.

Азаматтарымыздың табыс көзі болуға тиіс. Олар күнін көре алмай құрсауда қамалып отырмауы керек.

«Жұмыспен қамту жол картасы» аясында жұмыс істеуге ниет білдірген азаматтарға ең төменгі мөлшердегі екі жалақы немесе 85 000 теңге төленеді. Мұны олар бірден жұмыс орнына келген кезде алады.

Бұл тұрақты жалақысы емес, соған қосымша ретінде беріледі.

Осыған орай арнайы мобильді орындар ашылып, әкімдіктер түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, коронавирусқа қатысты экспресс-тест алып, жұмысшыларды жұмылдыруды және жаңа жұмыс орнына дейін жеткізуді ұйымдастырады.

Жұмыс берушілер «Жұмыспен қамту жол картасы» бойынша еңбек ететіндердің бәріне лайықты жағдай жасап, қорғану құралдарымен қамтамасыз етуге тиіс.

**Жетінші.** Мен бұған дейін шағын және орта бизнесті қолдауға арналған шараларды жарияладым.

Бұл – салық жеңілдіктері, қарызды өтеу мерзімін шегеру және тағы басқа шаралар.

Шағын және орта бизнес өкілдерінің ұсыныстарына келетін болсақ, олардың көбі қазірдің өзінде қолдау тауып, құзырлы органдар тарапынан жүзеге асырылып жатыр.

Соның ішінде мемлекеттік қолдау шараларына сай келетін қызмет түрлерін кеңейту, несиенің үстемеақысын төмендету және біріздендіру, мемлекеттік кепілдіктердің көлемін арттыру жұмыстары қамтылған.

Қаржы нарығын реттеу агенттігі шағын және орта бизнестің несиелерін өтеу мерзімін ұзарту, төлемді қайта қарастыру мәселелері бойынша банктермен, басқа да қаржы ұйымдарымен жұмыс жүргізуде.

Осы мәселеге жеке тоқталып өткен жөн.

Көптеген кәсіпкер төтенше жағдай кезінде несиенің пайыздық үстемеақысын есептемеу үшін банктерге тапсырма беруді сұрап отыр.

Мұндай қадам банктерді шығынға ұшырататынын түсінуіміз керек. Олар да біздің экономикамыздың ажырамас бөлігі.

1-бет.

Дегенмен, мен тағы да екінші деңгейдегі банктерден азаматтық жауапкершілік пен түсіністік танытуды сұраймын.

Банктер қиын жағдайға тап болғанда мемлекет оларға айтарлықтай көмек берді.

Қазір сіздер халыққа және отандық бизнеске қолдау көрсетулеріңіз керек.

Қажет болған жағдайда мемлекет тарапынан қосымша нұсқаулық шаралар қолға алынады.

Жағдай одан әрі ушығатын болса, Үкімет пен қаржы саласының құзырлы органдары бұл мәселені шешу үшін тиісті шаралар қабылдайды.

**Келесі мәселе.** Кәсіпкерлеріміз салықтық жүктемені азайтуға қатысты қосымша қолдауға мұқтаж. Бұл жұмыс орындарын сақтау және жалақы төлеу үшін аса маңызды.

Сондықтан экономиканың ең көп зардап шеккен секторларындағы шағын және орта бизнес өкілдері 6 айға (биылғы 1 сәуірден 1 қазанға дейін) еңбекақы төлеу қорынан ұсталатын салықтан және басқа да төлемдерден босатылады.

Бұл қоғамдық тамақтану, сауда, көлік қызметі, консультациялық қызмет, IT, қонақүй, туризм және басқа да салаларды қамтиды.

Оның нақты тізімін төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия бекітіп, қажет болған жағдайда толықтырып отырады.

Кәсіпкерлердің үндеуінде дағдарыс кезеңінде салық төлемеу туралы өтініш болғанын айтқан едім.

Осы орайда мынадай мәселені атап өткім келеді.

Тиісті жедел шешім қабылданды. Менің тапсырмам бойынша Үкімет шағын және орта кәсіп иелерінің барлық салық төлемдерін 3 айға тоқтатты.

Бұл қазіргі қалыптасқан жағдайда салықтан босатылғанымен, оның кейін төленуі керектігін білдіреді.

Сонымен қатар біз экономикалық ахуалды жан-жақты бағамдап отырмыз. Алдағы жағдайға байланысты түпкілікті шешім қабылдаймыз.

**Келесі мәселе.** Үкімет еліміз үшін маңызды импорт тауарларына салынатын баж салығын алып тастау мәселесіне қатысты Еуразия экономикалық одағындағы серіктестерімізбен жұмыс жүргізуде.

Жеке қорғаныс құралдары, өндіріске қажетті шикізат, вакциналар мен диагностикаға арналған құрал-жабдықтар жөнінде тиісті шешім қабылданды.

Өз елімізде жеткілікті емес азық-түлік тауарларына салынатын импорттық баж салығын төмендету бойынша жұмыс жалғасуда.

Үкімет отандық бизнестің сұраныстарын ескеріп, аталған жұмысты жеделдеткені жөн.

Сондай-ақ жергілікті шағын және орта бизнестің әлеуетін пайдалану қажет. Бұл – өте маңызды мәселе.

Әкімдіктер және Үкімет («Мемлекеттік азық-түлік корпорациясы» арқылы) отандық агро және қайта өңдеу кәсіпорындарынан кемінде 6 ай бұрын өнімді сатып алудың кепілді жүйесін жолға қоюға тиіс. Басқаша айтқанда, «алдын ала сатып алу» немесе «алынған өнім бойынша сатып алу» тетігін енгізуі керек.

Кәсіпорындардың өзара ықпалдастығының нақты жолын анықтау қажет, яғни егістік басынан дүкен сөресіне дейінгі тізбекті айқындап, оларды жеңілдетілген несиемен қамтамасыз ету қажет.

Бұл ретте бизнес өкілдері өндіріс көлемін қамтамасыз ету, тұрақты бағаны ұстап тұру, жұмыспен қамту және өзіне жүктелген басқа да міндеттерді жауапкершілікпен орындауға тиіс.

**Сегізінші.** Аталған шаралар топтамасын жүзеге асыру үшін Үкіметке және Ұлттық банкке барлық қажетті қаражат көздерін пайдалануды тапсырамын. Соның ішінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, Ұлттық банктің ресурстары мен құралдары да бар.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы құрған Ұлттық қордың қаржысын ұтымды пайдалануымыз керек.

Бөлінген қаражатты нақты экономикаға жедел әрі тиісті деңгейде жеткізу үшін мемлекеттік даму институттары арқылы қаржыландыру мүмкіндігін де қарастырған жөн. Олардың қатарында «Бәйтерек», «Аграрлық несие корпорациясы» және басқалары бар.

Осындай қолдау түрі өзге де жеңілдіктер сияқты экспорттық әлеуеті бар тез дамып келе жатқан орта деңгейдегі компанияларға арналуы тиіс. Мұндай компаниялар дағдарыстан кейінгі кезеңдегі негізгі «қозғаушы күшке» айнала алады.

**Тағы бір мәселе.** Дағдарысқа қарсы шаралардың ауқымы мен қаржылық ресурстардың көлеміне байланысты бөлініп жатқан қаражаттың мақсатқа сай әрі тиімді жұмсалуының, азаматтарға және бизнеске қолдау көрсету кезінде ашықтық пен айқындық қағидатын қамтамасыз етудің маңызы арта түседі.

Бұл міндет Есеп комитетіне жүктеледі. Бұл жұмысқа аймақтық ревизиялық комиссияларды, қоғамдық кеңестерді де жұмылдыру қажет.

Осы ретте төтенше жағдайда қойылатын арнайы талаптар да ескерілуі керек.

**Қадірлі ағайын!**

Коронавирус індетіне байланысты баршамыз күрделі кезеңді бастап өткеріп отырмыз.

Бірақ бұл – уақытша қиындық.

Біз мұны міндетті түрде жеңеміз!

Бүкіл әлем күресуде. Біз де бар күш-жігерімізді саламыз.

Біз, мемлекет және қоғам болып барша азаматтарымызға қолдау көрсетеміз, ешкімді көмексіз қалдырмаймыз.

Мұқтаж адамдарға қол ұшын береміз.

Бұған ешқандай күмән болмауы керек.

Қоғамдағы береке-бірлік күш-қуатымызды арттырады.

Осы ретте індетті жұқтырған азаматтарға да қолдау білдіргім келеді. Еш мойымаңыздар! Бұл ауру қаншалықты қауіпті болғанымен, одан емделіп шығуға болады. Сіздерге көмектесу үшін барлық жағдайды жасаймыз.

Ең бастысы, шыдамдылық, төзімділік және жауапкершілік танытайық.

Біз – рухы асқақ, бірлігі бекем, еңсесі биік халықпыз.

Сондықтан бұл сынақтан да сүрінбей өтіп, қиындықты бірге еңсереміз деп сенемін.

Басты тойларымыз әлі алда.

Төрт құбыламыз түгел болсын, ағайын!

**Біз біргеміз!**

ПІКІР-ПАЙЫМ

# ІНДЕТТІ ІЗЕТТІ КҮШ, ІЗГІЛІКТІ ІС ЖЕҢЕДІ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирусты пандемия деп мәлімдеді. Пандемия – әлемдік ауқымдағы жаңа аурудың таралуы.

Соңғы күндері бүкіл әлем халықтары секілді қазақстандықтардың да зейіні коронавирус туралы ақпараттарға ауып, ерекше мән беріп отыр. Өйткені бұл ауру бір елдің ғана басына түскен ауыртпалық емес. Бұл – жалпы адамзат алдындағы мәселе. Тарихқа көз салсақ, Жер шарын қалтыратқан талай індеттердің «қара дақтарын» көре аламыз. Дәлірек айтқанда, алдымыздан қайталап айтудың өзі ауыр қаншама деректер шыға келеді.

Мысалы, Юстиниан обасы – әлем тарихындағы алғашқы пандемия. Ол – Византия императоры Юстиниан I билігі кезінде пайда болып, өркениетті елдерді екі ғасыр жайлаған дерт. Эпидемияның тез таралғаны соншалық, бір ғана Константинопольда бір күнде 5 мың адам қайтыс болған.

Он төртінші ғасырдың «қара өлім» аталған екінші бір оба пандемиясы да Еуропа халқының тең жартысын жалмап, тарих парақтарында қалды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде шыққан «Испан тұмауы» аталған эпидемия кезінде де жүз миллионға жуық адам қайтыс болған.

Осының бәрін адам баласы бірлікпен, ізгілікпен тізе қосып жеңген. Рас, көбімізді коронавирустың халық арасында тез тарайтындығы, адам өміріне қауіптілігі, сонымен бірге вирусқа қарсы вакциналардың тапшылығы алаңдатып отырғаны шын.

Осы кезеңде Қазақстанда ауырғандардың саны 300-ден асып, бұл көрсеткіш одан да әрі өрлеуде. Сол сияқты біздің Қызылорда облысында да індетке шалдыққандар санының көбейгендігі байқалады. «Бәле аяқастында» дегендейақ, қаннен-қаперсіз, уайымқайғысыз жайбарақат өмір сүріп жатқан елге мұндай індеттің келерін кім болжай білген дейсіз.

Бүгінде сала мамандарына коронавирустың 40-тан астам түрінің бар екені белгілі болып отыр.

Осы індетке байланысты Мемлекет басшысы Қазақстан халқына үндеу жолдап, оған қарсы қандай іс-шаралардың атқарылу керек екенін нақты атап көрсетті. Бүкіл қазақстандықтар бір жағадан – бас, бір жеңнен қол шығара отырып, індетті жою жолында аянбай еңбек етуде. Әрине, осы бір сындарлы шақта жанкештілікпен күн демей, түн демей еңбек етіп жүрген дәрігерлердің, медицина қызметкерлерінің еңбектері ерен.

Кешегі Ұлы Отан соғысында небір ауыр жарақат алған жауынгерлердің 70%-і қайтадан сапқа тұрып, соғысты жеңіспен аяқтап, елге оралды. Ол кезде ақ желеңді батырлар жауынгерлерді оқ жауып тұрған ашық даладан арқасына салып жүріп, ажалға ара түсті. Дәрігерлердің еңбегі жайбарақат күнде аса көрінеқоймауы да әбден мүмкін. Ал, олар – ел басына күн туғанда өз басын қатерге тігетін бірегей тұлғалар. Сондықтан әрқашан, әсіресе осындай өтпелі шақта дәрігерлердің ақыл-кеңесіне құлақ асып, олардың талаптарын орындау керек.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген халқымыз, біз бұл індетті де бірлесе жеңуге міндеттіміз. Оған біздің арнамысымыз да, қайрат-жігеріміз де, құрыштай бірлігіміз де жетеді деп білемін және толық сенемін.

Тарих сабағы көрсетіп отырғандай, адамның ізетті күші мен ізгі ісінен жеңілмейтін індет жоқ. Ендеше, бүгінгідей бір тілек, бір жүрекпен қарсы тұрған өркениетті азамзат бұл індеттің де затын жойып, тарих үшін тек атын ғана қалдырар кезеңге жақын.

Біз бәріміз біргеміз!

**Сағындық ШӘМШИЕВ,**
**жоғары санатты дәрігер,**
**Қызылорда қаласының**
**құрметті азаматы.**

# ЕЛ БІРЛІГІНЕ НҰҚСАН КЕЛМЕУ КЕРЕК

Қазір елдегі жағдай тым күрделі. Осыған қатысты мемлекет оң шаралар қабылдап жатыр. Күні кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа теледидар арқылы жасаған мәлімдемесін бастан-аяқ көріп шықтым. Осындай қобалжу кезінде ел басшысының халықты қолдау жолындағы нақты қадамдары қуантып отыр.

Дүрбелең кезде көп жұмыс тоқтап тұр. Әйтсе де, бұған дейін Президент айтқандай, табысынан айырылып, жұмыссыз қалған азаматтарға ең төменгі айлық көрсеткішінде, яғни, 42500 теңгеден көмек көрсетілу керек болатын. Кешегі мәлімдемеде осындай көмек алатын тұрғындар санатын Мемлекет басшысы кеңейтуді тапсырды. 3 миллионға жуық халыққа айтылған қаржы сомасы берілмек. Бұдан өзге 800 мыңнан астам халыққа тегін азық-түлік ұсынылуы күнкөрісі төмен отбасыларды мұқтаждыққа апармайды.

Президент көктемгі егіс науқанын уақытылы өткізудің маңызды екенін айтты. Бұл – үлкен демеу. Сыр бойы күріш өнімін өндіретін бірден-бір аймақ болғандықтан, мәлімдемеде айтылған мемлекеттік қолдаулар шаруа қожалықтарына айтарлықтай қуаныш әкелді. Шаруаларға арзан жағармай жеткізу, егіс науқанына қарсы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы үстемеақысы 3 проценттен аспайтын қаржылай қолдау сынды мәселелер ашық айтылды.

Жұмыссыздық, азық-түлік қоры, салық жеңілдіктері мен несие қарызын өтеу уақытын шегеруді Үкімет пен жергілікті әкімдіктерге тапсырма етіп жүктеген Президент аты жаман індет кезінде ауызбіршілік, ынтымақ керектігін баса айтты. Бүкіл әлем вируспен жан-жақты күрес жүргізіп жатқаны баршамызға аян. Қиын шақта бекем бірлікте болып, Мемлекет басшысы айтқандай, шыдамдылық, төзімділік және жауапкершілікті ұмытпауымыз керек.

**Сапар МЫХАНОВ,**
**«Байтабын» ЖШС**
**төрағасы.**

# Блок-бекеттерде бақылау қалай?

**Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қаладағы блок-бекеттің жұмысымен танысты.**



Аймақ басшысы «Шиелі-Қызылорда» тас жолына қойылған тосқауыл бекетіне барды. Карантин жағдайында жүргізіліп жатқан жұмыстарға қанықты.

Қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Қайратбек Сәрсенбаев облыс әкіміне қаладағы ахуал туралы баяндады.

«Қазіргі таңда қала бойынша 6 тосқауыл бекеті қойылды. Әр бекетке әскери бөлімнің 14 қызметкері бекітілген. 10 адамдық шатыр тігілген. 1 арнайы техника мен адам тасуға арналған көлік те қарастырылған» деді басқарма басшысы.

Бүгінгі таңда тосқауыл бекеттерінің жұмыс істеу тәртібі бекітілген. Облыстық полиция департаменті мен денсаулық сақтау бақармасының мамандары тәулік бойы қызмет атқаруда.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова карантин талаптарын қатаң сақтауды міндеттеді. Тосқауыл бекеттеріндегі қызметкерлердің ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін де басты назарда ұстау қажеттігін тапсырды.

Қазір Қызылорда қаласының шекарасы бойынша мұндай орындар Шымкент бағытындағы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» тас жолы бойындағы «Ислам» кемпингі аумағындағы 1834 шақырымда, Жезқазған бағытында «Қызылорда-Павлодар» тасжолының 13 шақырымында орналасқан. Ал «Қызылорда-Ақтөбе» бағытынан келушілерге «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» тас жолының «Ақжарма» ауылдық округінің орталығы – Баймұрат батыр елді мекенінің тұсында, «Қызылорда-Жалағаш» бағытында «Қызылөзек» ауылдық округі айырығында арнайы тексеру жүргізіледі. Сондай-ақ, Сырдария ауданының Айдарлы, Жетікөл, Амангелді, Бесарық елді мекені тұрғындары «Тұңғыш Президент саябағы» жанындағы көліктік айналма жолда тексеруден өтеді.

– Ендігі кезекте облыс орталығы аумағындағы қоғамдық көліктер таңғы 8.00-ден кешкі 20.00-ге дейін жүргізіледі. Такси қызметінде жолаушы бір адамнан аспауы тиіс. Кафе, ресторан және өзге де қоғамдық тамақтандыру орындарына сағат 10.00-17.00 аралығында тек жеткізіп беру жұмысымен айналысуға рұқсат етілген. Ал вахталық жұмыс жасайтын азаматтар мекемесі тарапынан берілген анықтамасы арқылы блок-посттан өтуіне мүмкіндік бар. Саяжай тұрғындарының азық-түлік алуы үшін кіруіне болады, – деді Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов.

Бұл орындарға келушілерге арнайы медициналық бақылау жүргізіледі. Мәселен, №5 блок-бекетте Қызылорда қаласындағы №3 емхана мамандары қызмет атқарады. Аталған емхананың емдеу жөніндегі орынбасары Ләйла Ахметтің айтуынша, аумақта әрбір сегіз сағатта екі бригада тәулік бойы қызмет атқарады.

– Қазір біздің мамандар облыс орталығына кіріп және шығып жатқан азаматтардың температурасын өлшейді. Күдікті анықталған жағдайда 103 жедел жәрдем қызметімен облыстық жұқпалы аурулар ауруханасына жеткізіледі. Емхана тарапынан үш бригада ұйымдастырылған, – деді Л.Ахмет.

Қазақ «Сақтықта қорлық жоқ» дейді. Сондықтан сын сәтте барлық қатаң тәртіпті сақтап, тиісті талаптарды орындау – әрбір азаматтың парызы. Тиісті сала мамандары облыс тұрғындарына барлық қауіпсіздік шараларына назар аудару қажеттігін ескертіп отыр.

**«СБ» ақпарат.**

# Той тойлайтын уақыт емес

**А.Пушкиннің «Пир во время чумы» деп аталатын шағын пьесасы бар. Шығарманы автор холера эпидемиясы тараған кезде Болдин деген жерде карантинде жазған. Індеттің кесірінен жоспарлары жүзеге аспай қалған ақынның жан дүниесіндегі төңкерістен болар, туындының кейіпкерлеріне көп нәрсе айтқызған. Біз оның барлығын тізбелемейміз, әрине. Бірақ, кесел тарап жатқанда көшенің қақ ортасына дастархан жайып, шулаған топқа тоқтау айтқан дінбасыны тыңдамай, бет-бетіне әрекет еткендердің қылығы бүтінгі біздегі жағдайға ұқсай ма, қалай өзі?**

Sb Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы».

Коронавирус пандемиясына байланысты Президент елдің бүкіл аумағына төтенше жағдай енгізу туралы Жарлыққа қол қойды. Екі ірі мегаполиске карантин режимі енгізілді. Прокуратура уақытша шектеулерді, оларды орындамаған жағдайда қолданылатын әкімшілік жауаптылық туралы күн құрғатпай түсіндіруде. Төтенше жағдай кезінде билік өкілінің заңды талабына бағынбағаны үшін қылмыстық жауаптылық көзделген.

Адамдар көп жиналатын орындардың қызметіне сағат 22.00-ден кейін шектеулер қойылды. Ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салынды. Төтенше жағдай уақытында тұрғындар тиісті талаптарды ескермей, үйлерінде той жасап, кафе, мейрамханалар және т.б. ойын-сауық орындары түнгі 22:00-ден кейін де қызметтерін жалғастыруда. Облыстық прокуратураның мәліметтеріне қарағанда, осы әрекеттері үшін 49 адамға әкімшілік хаттама толтырылды. Оның 14-і соттың қаулысымен әкімшілік қамауға алынса, 23-не әкімшілік айыппұл салынды. Қалған 12-сі соттың өндірісінде.

Мысалы, Қазалы аудандық сотының қаулысымен 1 тойхана иесі 7 тәулік мерзімге әкімшілік қамауға алынса, 1 тойхана иесіне 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды. Қызылорда қаласында да кафені сағат 22:00-ден кейін, базарды сағат 17:00-ден кейін жабу туралы талапты орындамағандарға шара көрілді.

Талапты жеке тұлғалардан бөлек, мемлекеттік қызметшілер, тіпті жергілікті әкімдер де сақтамай отыр. Шиелі ауданында той жасаған тұрғын 10 тәулікке қамалды. Той иесінің туысы – ауыл әкімі осындай кезде елді тәртіпке шақырудың орнына, келінді өзі әкеліп түсірген.

Облыстың бас имамы Болатбек Әбуовтің айтуынша, адам жинап, үйде ас берудің қаншалықты қауіпті екенін көпшілік әлі де ұғынбай отыр. Бас имам өткен айда бақилық болған әкесінің қырық күндік асын жасамаған. Шариғатта тәртіпке бағыну туралы айтылады. Осы сындарлы кезеңде ас берулер тоқтатылып, жаназаның өзін көп адам жинамай атқарған дұрыс.

Түсіндірме жүргізілгеніне қарамастан, жалған ақпарат тарату деректері орын алды. Атап айтқанда, Қызылорда қаласы, Жаңақорған және Арал аудандарында «COVID-19» диагнозымен емделіп жатқандар туралы шындыққа жанаспайтын ақпараттар «Whats-app» мессенджерінде желдей есті. Онсыз да көңілі алаң жұртты дүрліктірген 7 факт анықталды. Бұл бойынша полиция органдары сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісін бастады. Төтенше жағдай кезінде көпе-көрінеу жалған хабар тарату ауырлатушы мән-жай ретінде қарастырылып, ауыр қылмыс ретінде сараланады.

Аталған қылмысты жасаған тұлғаларға үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуы мүмкін.

Сонымен қатар, «COVID-19» диагнозымен ауырған тұлғалар және олармен байланыста болған адамдардың жеке өміріне қатысты мәліметтерді заңсыз таратудың 2 дерегі анықталды. Аталған деректер бойынша қылмыстық істер тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған.

Мұндай әрекет үшін 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Президент осындай қиын-қыстау шақта белгіленген нормалардан асып, өзімбілемдікке салынғандарға қолданылатын жазаны барынша қатаңдатуды тапсырды. Прокуратура өкілдері дүркін-дүркін түсіндірме жүргізіп, онлайн брифингтер өткізіп, талаптар, оны орындамаудан туындайтын жазалар туралы айтуда. Қысқасы, ақпарат жеткілікті.

Сөз басында Пушкинді мысалға келтіріп едік. Шығармаға желі болған қауіпті кеселдің таралған кезеңі – өткен ғасырлар. Олармен салыстырғанда, біз ақпараты ашық, заңы белгіленген зайырлы қоғамда өмір сүріп жатқан жоқпыз ба? Ендеше, тәртіпке бағынайық!




ЖЕДЕЛ ЖЕЛІДЕ ХАБАРЛАЙДЫ

**Елімізде, оның ішінде біздің өңірімізде де «COVID-19» вирусы бойынша эпидахуал көңіл көншітпей, цифрлар сәт сайын өзгеріп тұр. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Абдусаметов қалыптасқан ахуал мен анықталған науқастардың жағдайын баяндап, шұғыл мәлімдеме жасауда.**

Sb Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».

# 25 жағдай тіркелді




Сейсенбі күні өңірімізде індет жұқтырғандар саны 18-ді құрады. Нақтырақ айтқанда, сол күні түске дейін 4 науқас анықталып, жалпы көрсеткіш 9-ға жетсе, түстен кейін вирус жұқтырғандар саны екі есеге көбейді. Басқарма басшысы жаңадан анықталған науқастардың алдыңғы індет жұқтырғандармен қарым-қатынаста болғандарын айтты. Түстен кейін нақтыланған 9 жағдай Жаңақорған ауданынан тіркелді. Бұл азаматтардың барлығы бұрын анықталған науқастармен қарым-қатынаста болған. Індет жұқтырғандар 6-45 жас аралығындағылар. Оның 8-і бір үйдің адамы болып шықты.

Ал кеше таңертеңгі 9.15-те облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы індеттің жаңадан 6 жағдайы тіркеліп, жұқтырғандар санының 24-ке жеткенін хабарлады.

– Жаңадан тіркелген 6 науқастың екеуі Жаңақорған, екеуі Қармақшы, біреуі Шиелі ауданында болса, бір жағдай Қызылорда қаласынан анықталды. Науқастар стационарға жатқызылды. Қармақшы ауданынан анықталған науқастың бірі Алматы қаласынан келген, екіншісінің жағдайы нақтылануда. Жаңақорғанда тіркелгендердің екеуі де алдыңғы аурулармен қарым-қатынаста болған. Шиелі ауданынан тіркелген науқас та алдында анықталған аурумен байланыста болған. Ал Қызылорда қаласынан тіркелген науқас бірінші табылған аурумен қарым-қатынаста болған. Науқастардың жағдайы қанағаттанарлық, – деді Ж. Абдусаметов.

Түстен кейін 16.50-де аймақта коронавирус індетіне шалдыққандар саны 25-ке жетті. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте басқарма басшысы баяндады.

– Тағы бір науқас Жаңақорған ауданынан анықталып, жұқтырғандар саны 25-ке жетті. 28 жастағы ер адам. Ол бұрын анықталған науқаспен қарым-қатынаста болып, оқшауланған еді. Қазіргі кезде жағдайы қанағаттанарлық. Ем алуға жұқпалы аурулар бөліміне жатқызылды, – деді ол.

Осы уақытқа дейін инфекциямен тіркелген науқастармен қарым-қатынаста болған 485 адам анықталды. Оның 133-і карантиндік стационарда оқшауланса, 352-сі үй жағдайында бақылауға алынған.

– Жалпы осы мезетте облыс бойынша 25 науқас жұқпалы аурулар бөлімінде ем алып жатыр, 14 азамат провизорлық стационарда, 113-і карантиндік бақылауға алынды, – деп атап өтті басқарма басшысы.















# КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР ЖАСАЛУДА

**Жаһанды жайлаған Covid-19 вирусы төрт айдың ішінде әлемнің 170-тен астам еліне тарады. Оның ішінде біздің еліміз де бар. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирустің әлемдік індет деңгейіне жеткендігін жариялағаннан кейін барлық елдерде сақтық шаралары одан сайын күшейтілді. Соған байланысты азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның барлық аумағында бір ай мерзімге төтенше жағдай енгізу туралы жарлығын жариялады.**

Sb Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы».



Төтенше жағдай кезінде Үкімет кәсіпкерлік пен отандық өндірісті қолдау мақсатында бірқатар жедел экономикалық шараларды қабылдады. 15 наурыздан бастап барлық өңірде ірі сауда нысандарының қызметі шектеліп, ойын-сауық орталықтарының, кинотеатрлар мен театрларға, көрме және спорттық нысандардың қызметі уақытша тоқтатылды. Бұл жағдайда әрине түрлі кәсіп иелері экономикалық шығынға бататыны анық. Осы ретте Үкімет аренда құнын төмендету мақсатында жалға берушілер жыл соңына дейін мүлікке салынатын салықтан босату, 15 наурыздан бастап 15 маусымға дейін өсімпұлды есептеуді тоқтату, сондай-ақ салықтық есептіліктердің мерзімін үшінші тоқсанға алмастыруды тапсырды.

Сонымен қатар, шикізат базасын арттыру және отандық азық-түлік өнімі өндірісінің сапасы мен көлемін ұлғайту мақсатында агроөнеркәсіп кешенінің жоғары сапалы биологиялық активтерін, асылтұқымды құстар, аналық ірі қара мал басын импорттаушылар қосылған құн салығынан босатылады. Республика бойынша 6658 салық төлеуші 2020 жылдың соңына дейін ауыл шаруашылығы бағытындағы жерлерге салынатын салықтан босатылады. Елімізде салық салудың жалпыға бірдей белгіленген режимімен жұмыс жасайтын 72414 жеке кәсіпкер 2020 жылдың соңына дейін табысқа салынатын салықты төлеуден босатылады.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін Мемлекет басшысының Жарлығымен микро және шағын кәсіпкерлік тексерулер және профилактикалық бақылау мен қадағалаудан босатылған болатын. Үкімет ендігі мұндай жеңілдікті орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарастыруда. Орта кәсіпкерлік субъектілері 2020 жылдың соңына дейін тексерулерден босатылады.

Бүгінгі күні Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесінің 12%-ке өсуі «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы аясында несие алушылар үшін проценттік мөлшерleme 17%-ті құрап отыр (12+5=17). Бұл мөлшерлемемен соңғы несие алушы несиенің кемінде 8,5%-пен төлеуі тиіс болатын. Сәйкесінше, Үкімет бизнес үшін «Бизнестің жол картасы 2025», «Қарапайым заттар экономикасы» және «Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламалары аясында субсидиялар беру есебінен несиенің соңғы мөлшерлемесін 6%-пен бекіту шарасын қабылдауда. Алдағы уақытта, кәсіпкерлерге жаңа базалық мөлшерлемеге сәйкес, «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы аясында субсидия 11% мөлшерінде берілетін болады.

Сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар аясында кепілдік ірі және орта бизнес үшін 1 млрд теңгеге дейінгі несие қаражаттарын алуға 50%-ке дейін, ал микро және шағын бизнес үшін 360 млн теңгеге дейінгі несие қаражаттарына 85%-ке дейін ұсыну механизмі енгізілу күтілуде.

Мемлекеттік бағдарламалар аясында аталған қолдау шараларын алу үшін Үкімет бизнеске қосымша қаражаттар бағыттауда.

- «Қарапайым заттардың экономикасы» бағдарламасы аясында инвестициялық мақсатқа 1 триллион теңге (6%), айналым қаражатын толтыруға 600 млрд теңге (8%);
- «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында 300 млрд теңге бағытталу көзделуде.

Қазіргі таңда, «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасын іске асыру үшін облысқа 1,7 млрд теңге қаражат қаралған болса, қосымша республикадан 912 млн теңге қаражат тарту көзделуде. Оның ішінде, несие бойынша процenттік мөлшерлемені субсидиялауға 617 млн теңге (жалпы 2056,411 млн теңге), кепілдік беру құралына 295,264 млн теңге (жалпы 535,264 млн теңге) бөлінетін болады.

Бұдан өзге, мемлекеттік гранттар беру құралына қосымша облыстық бюджеттен 100 млн теңге қаражат бөлінуі көзделуде. «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қызылорда қаласында шағын несиелер беруге жалпы 250 млн теңге қаралған болса, қосымша облыстық бюджеттен 100 млн теңге бөлу жоспарланып отыр.

Бизнес өкілдері өз кәсіптерін өрістету мақсатында банктерден несие алып, жұмыс жүргізіп келгені мәлім. Енді қазіргі жағдайға байланысты несие қарыздарын төлеуде қиындық туындайтыны сөзсіз. Соған байланысты шағын және орта бизнестің барлық несиелері бойынша негізгі қарызды және сыйақы мөлшерлемесін өтеу уақытша тоқтатылып, кейінге шегерілуде (отсрочка берілуде).

Ол үшін кәсіпкерлер несие алынған банкке барып, тиісті өтінімді толтырады. Банк өз тарапынан кәсіпкердің төлем қабілеттілігіне қарай тиісті шешім шығарады. Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы мамандарының хабарлағанындай, қазіргі күні екінші деңгейдегі банктердің облыстағы филиалдары осы бағытта жұмыс жүргізуде.

Осы орайда «ForteBank» АҚ-ның Қызылорда филиалы директоры Еркінбек Мұсабаевпен хабарласып, банк тарапынан кәсіпкерлерге несие төлемдеріне қатысты жасалып жатқан жеңілдіктер жайлы сұрап білдік.

Оның айтуынша, өтініш түсірген кәсіпкерлер несие төлемдерін 3 ай мерзімге төлеуден босатылады. Яғни, жұмыстары уақытша тоқтап қалған кәсіпкерлер наурыз, сәуір және мамыр айларындағы несие төлемдерін төлемейді. Ал егер, наурыз айының төлемін төлеп қойған жағдайда маусым айының төлемінен босатылады. Үш ай мерзім ішінде әр ай сайын төлейтін төлемі сыйақы мөлшерлемесін төлемейді. Банк басшысы дәл бүгінгі күні несие төлемін шегере тұру туралы түскен 60 арыздың 50-і қаралып, оң шешімін тапқанын жеткізді. Сонымен қатар, осындай өтініштер жұмысы жүріп тұрған азық-түлік дүкендері мен дәріханалар иелері тарапынан түскен жағдайда қаржылық көрсеткіштеріне қатысты қосымша анықтамалар сұралатынын мәлімдеді.

# Еріктілер елмен бірге

**Өзгеге қол ұшын созу, бастаманы іліп алып, соңына дейін жеткізу үшін асарлату – біздің қанға сіңген қасиет. Әрі ол – қоғамды өркениетке бастайтын ниеті оң, жүрегі кең адамдардың жұмысы. Бұл бүтінде заманның көшіне еріп, талапқа сай түрленіп, волонтерлік деген атауға ие болды. Президент те биыл оған ерекше пәрмен берді. Еліміздің түкпір-түкпірінде ауқымды істер іске асырылды. Сыр еріктілері де жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатынын дәлелдеуде. Жуырда облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры Бауыржан Мастековпен атаулы жылда қолға алынған бастамалар мен алға межеленген жоспарлар жайын тарқатқан едік.**



**– Бауыржан Қайырбекұлы, алдымен нақты статистиканы сөйлетсек. Бүгінде облыс бойынша қанша жас бар? Соның ішінде волонтер ретінде тіркелгені қанша?**

– Бізде 188790 жас бар. Оның ішінде қала жастары 41,4 процентті, ал ауыл жастары 58,6%-ті құрайды. Ресми еріктілер ұйымдарына тіркелгендер саны 10 мыңға жуықтады.

**– «Еріктілер жылы» несімен ерекшеленуде? Аз уақыт ішінде қандай шаруа атқарылды және алға қойылған мақсат қайсы?**

– Айтулы жыл аясындағы шаралар ауқымды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы жылдың ашылуына өзі арнайы қатысып, жаңа жобаларға дем берілетінін айтты. Аталған жиынға біздің облыстан 30-дан астам делегат қатысып, жақсы әсермен оралды. Республика бойынша алғашқылардың бірі болып бізде, яғни орталық жанынан «Волонтерлар штабы» құрылды. Қазіргі таңда штаб 7 бағыт бойынша қарқынды жұмыс жүргізіп келеді. Олардың қатарында «Құқықтық кеңес», «Ардагерлерді ардақтайық!», «Іздестіру» және тағы да басқа акциялар мен волонтерлық қозғалыстар бар. Жалпыұлттық «Біз біргеміз!» челленджі, бірқатар еріктіліктің жарқын жобалары да жүзеге асты. Жалпы, еріктілердің мақсаты мен қоғамдағы миссиясы жалғыз. Ол – көмек беру, қоғамға пайдасын тигізу.

**– Қазіргі таңда елде төтенше жағдай жарияланғаны белгілі. Әлеуметтік желіні парақтасақ, Сыр еріктілері осындай қысылтаяң шақта да тұрғындарға қол созып, індетпен күреске өзіндік үлес қосып жүр екен...**

– Төтенше жағдайға байланысты бізде бірқатар шара тоқтатылды. Бүгінде волонтерлық негізде қашықтан жүзеге асыру бойынша арнайы жоспар түзіп, жұмыс атқарудамыз. Соның ішінде көркемсөз оқу бейнебайқауын, қашықтан оқытатын «Қолжетімді ағылшын» жобасын іске қостық. Электронды оқулық платформалары арқылы «ҰБТ-ға дайындық шеберлік сабақтары», «Математика онлайн», «Спорт онлайн» сабақтары жүргізілуде. Бір сөзбен айтқанда, біз «Bilim» бағыты бойынша үздік ұстаздар арасынан ерікті түрде онлайн режимде сабақ беруге келіскен оқытушыларға барлық мүмкіндіктерді қарастырудамыз. Еріктілер қашан да елмен бірге. Сын сағатта жұмылып, көмек көрсетуге де даяр. Мәселен, қазір «Сабақтастық» бағыты бойынша олар тұрғындарға 28736 дана медициналық бетперде мен мыңға жуық антисептикалық құрал таратты. Әлеуметтік азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етуде үлесі бар. Олар аймақтағы блок-бекеттерде жұмыс жасап жатқан дәрігерлер мен полиция қызметкерлеріне де көмек көрсету жұмыстарына атсалысуда.

**– Еріктілердің елге көмегі көп. Ал, оларды қандай да бір ынталандыру шаралары қолға алынған ба?**

– Сыр еріктілерінің атқарар шаруасы әлі алда. Жастар жаңа жобаларды жетілдіріп, қоғамға пайда тигізуге асық. Бірақ, еңбек бағаланған кезде ғана нәтиже болады. Тым болмағанда, қандай да бір негіздегі қолдау қажет екені сөзсіз. Қазір Үкімет тарапынан, жергілікті атқарушы билік тарапынан оларды ынталандырудың жаңа тәсілдері қарастырылуда. Елдегі төтенше жағдай шешімін тапқаннан кейін бұл мәселе де елеусіз қалмайды.

**– Әдетте, волонтер дегенде, ең бірінші көз алдымызға үлкен мерекелердегі, мәдени шаралардағы және флэшмобтағы сабақтан еркінен тыс босатылған студенттер мен оқушылар елестейтіні жасырын емес. Сол көзқарастан қалай арылуға болады?**

– Еріктілердің көбі жастар санатынан. Ерікті түрде волонтер атану да – жастардың таңдауы, солардың ынтасы. Олар бұл шараларға өз қалауымен ғана қатыса алады. Бұл пікір әлі де еріктілікке ынталандыру, волонтерлік мәдениет туралы таным, түсініктің толық қалыптасуын қажет ететінін көрсетеді деп білемін.

**– Сіздің ойыңызша, волонтерлар саналы қоғам жасай алады ма?**

– Волонтерлік қызмет – өз еркіңмен баратын жүректің жұмысы. Ал, жүректің жұмысы жанданса, қоғам өркениетке өздігінен қадам басады.

**– Волонтер болу үшін не істеу қажет?**

– Еріктілік – бұл ұстаным, бұл болмыс. Ол үшін қоғамдағы келеңсіздіктерге бейжай қарай алмайтын азаматтық ұстаным керек. Ең бастысы – жақсылық жасауға деген ынта мен ниет.

Әңгімелескен
**Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,**
**«Сыр бойы».**

● АЗАМАТТЫҚ АЙНАСЫ

# Қызылордалық кәсіпкерлер карантинге арнап ғимараттар бермек





**Бұл туралы Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов әлеуметтік желідегі парақшасында жариялады деп хабарлайды палатаның баспасөз қызметі.**

Жазбада: «Жаңа ғана аймағымызға белгілі кәсіпкерлер Қайрат Боранбаев пен Мұрат Сәрсенбаев әріптестерім хабарласып, мына ел басына түскен сынақта күн-түн демей күресіп жатқан жандарға көмек бергісі келетіндіктерін жеткізді. Қайрат Жомартұлы «Қызылорда» қонақүйін, Мұрат Абайұлы әуежай маңындағы ғимаратты уақытша медициналық нысан ретінде пайдалануға беретіндіктерін жеткізді.

Түсінікті болу үшін кәсіпкерлердің жазған хабарламасын толық жазуды жөн көрдім.

«Елімізге келген алапат ауруға қарсы күреске бізде атсалысу мақсатында, қала сыртында аэропорт тұсында гостиничный комплекс (түсінікті болу үшін) етіп салынған үш ғимаратты: біреуін асхана, біреуін мед персоналдарға және ауруға күдікті кісілерді оқшаулауға, отыз адамдай орналастыруға беруге дайынбыз.»

Если понадобится мы можем предоставить здание гостиницы «Кызылорда» для размещения карантинных! Главное пусть помогут с медперсоналом!».

Бұған дейін де, кәсіпкер-әріптестеріміз Ділмұхамед Абызов, Аида Керімқұлова және өзге де әріптестеріміз халыққа тегін маска таратып, өңір тұрғындарына моральдық қолдауларын көрсеткен болатын.

Осындай қайырымды жандарымыз барда «біз алмайтын асу, бағындырмайтын биік» жоқ екендігіне көзің жете түседі.

Бар болыңдар, Сырдың арда азаматтары!» деп көрсетілген.

Айта кету керек, аты аталған кәсіпкерлердің барлығы Кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің мүшелері.

**«СБ» ақпарат.**

**Өнеркәсіп өндірісінің 70 процентін мұнай және газ саласы құрайтын Қызылорда облысы үшін экономиканы әртараптандырудың маңызы өте ерекше. Соңғы жылдардағы мұнай кеніштерінің сарқылуына байланысты «қара алтын» өндіру көлемі кеміген сайын, өндірістің басқа салаларын дамытудың маңызы арта түсуде.**

Sb Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы».

# ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚТАР

## жаңа жобалар күтеді

Осыған байланысты мақсатты жұмыстар жүргізіліп келеді. Облысқа инвестиция тарту, инвестициялық климатты жақсарту мәселесі ұдайы күн тәртібінде тұр. Бұл бағытта қола алынған жұмыстардың нәтижесі де жаман емес. 2019 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында негізгі капиталға салынған жалпы инвестицияның көлемі 400 млрд теңгені құрап, 17,4%-ке өсті. Ал биылғы меже 481 млрд теңге.

Кәсіпкерлер қаржы құятын саласының тұрақты әрі сенімді болуына ерекше мән береді. Сондықтан біздің елімізде барлық инвесторлардың, жергілікті немесе шетелдік инвестор болсын, олардың құқықтарын қорғау, бизнесін алға жылжытуға қолайлы жағдай жасау мәселесіне айрықша назар аударылады. Соның ішінде қолайлы жағдай жасаудың бір жолы – олардың жобаларын индустриялық аймақтарға орналастыру. Ал барлық қажетті инфрақұрылымдық желілермен қамтамасыз етілген мұндай аймақтардың жобаларды жүзеге асырушылар үшін тиімділігі айтарлықтай.

Бүгінгі күні облыста жалпы көлемі – 905 гектарды құрайтын 6 индустриялық аймақ жұмыс жасауда. Оның ішінде жалпы құны 197 млрд теңгелік 55 жоба орналастырылған. Инфрақұрылымның құрылысына бюджеттен 6,7 млрд теңге бөлінді. Әрбір индустриялық аймақ қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген.

Өткен жылы ҚР Үкіметінің селекторлық отырысында Қызылорда облысының индустриялық аймақтарды дамыту бойынша оң тәжірибесі атап өтілген болатын. Облыста индустриалды аймақтарда орналастырылған жобалардың жалпы құны жөнінен Қызылорда қаласы көш бастап тұр. Мұнда 128,6 млрд теңгелік 10 жоба іске асырылуда. Десе де бұл жобалар жалпы ауданы 130 гектарды құрайтын индустриялық аймақтың 17 процент бөлігін ғана алып тұр. Ал аудандар арасында Шиелі үздік көрсеткішке ие. Аудандағы индустриялық аймақта жалпы құны 65,8 млрд теңге болатын 10 жоба орналастырылған. Оның төртеуі іске қосылған, қалғандары жүзеге асырылуда. Жалпы Шиелі ауданындағы индустриялық аймақ жер көлемі жөнінен де, оның игерілу көрсеткіші бойынша да басқалардан озық тұр. Аталған индустриялық аймақта орналасқан тампонажды цемент зауыты бүгінде өз өнімдерін экспортқа шығаруда.

Әйтсе де, облыстағы барлық индустриялық аймақтардың бар болғаны 223,2 гектар жер телімі ғана игеріліп тұр. Ал 681 гектар жер учаскесі бос. Индустриялық аймақтардың игерілуін жеделдету мақсатында «Nur Otan» партиясының «Қазақстан-2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» сайлауалды бағдарламасының «Индустриалды даму» бағыты бойынша жұмыстар қолға алынған болатын. Нәтижесінде индустриялық аймақтар жаңа жобалармен толықтырылды. Аудандардағы кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімдері мамандарымен хабарласып, төмендегі мәліметтерді алдық.

Мәселен, Арал ауданындағы индустриялық аймаққа «Qazaq Camel» серіктестігінің «Түйе сүтінен құрғақ ұнтақ өндіру» жобасын орналастыру үшін 1 гектар жер телімі беріліп отыр. Қазалы ауданындағы индустриялық аймақтағы 6,9 гектардың 4,8 гектары игерілді. Қармақшы ауданы 2019 жылы құны 22,5 млн теңгені құрайтын «Тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау» және «Ескі дөңгелектер мен пластик қалдықтарын қайта өңдеу» жобаларына 0,9 гектар жер бөлінді. Жалпы мұндағы 15 гектарлық индустриялық аймақтың 4 гектары (26,6%) игерілген. Жалағаш ауданы бойынша индустриялық аймақ құру үшін 17 гектар жер телімі бөлінген. 2019 жылы құны 30 млн теңгені құрайтын «Құрама жем өндіру» және «Темір бұйымдарын өңдеу цехы» жобаларын орналастыру үшін 0,5 гектар жер телімі табысталды. Қазіргі таңда 13,2 гектар жер телімі (77,6%) игерілді. Шиелі ауданында 2019 жылы жалпы құны 80 млн теңгені құрайтын «Шлакоблок» («Истаева» ЖК) және «Бетон зауыттарының құрылысы» («КазСтройОрда» ЖШС, «Бастау» ЖК) 3 жобаға 2 гектар жер аумағы табысталды. Қызылорда қаласы бойынша 2019 жылы индустриялық аймаққа «ABK Prom Service» серіктестігінің «Пластикалық құбырлар өндіру» жобасын орналастыру үшін 7 гектар жер телімі берілді.

Бұл жерде тағы бір баса назар аударатын мәселе – индустриялық аймақтар бизнес жобаларды жүзеге асыруға тиімді аумақ саналғанымен кәсіпкерлер ойға алған жобалардың барлығын бірдей онда орналастыра бермейтінін атап өткен жөн. Бүгінде облыс аумағында көптеген жобалар индустриялық аймақтардан тыс орындарда жүзеге асырылуда.

Индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының екінші кезеңі аясында облыста жалпы құны 567 млрд теңге болатын (6 мың жұмыс орны) 28 жоба жүзеге асырылуда. Олардың іске қосылуымен аймақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалының жақсаруына айтарлықтай үлес болады.



СҰРАНЫСТЫ СҰХБАТ

# «Пациенттің артынан ақша еріп жүреді»

**Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың қолданыла бастағанына көп болған жоқ. Еліміз оған үлкен дайындықпен келді. БАҚ-та көп ақпарат берілді. Сөйтсе де, жаңа жүйеге қатысты сұрақ жетерлік. Соның бірнешеуін «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыстық филиалының директоры Бақыт Исмаханбетовке қойған едік.**



**– МӘМС-тің бір артықшылығы – КТ, МРТ сияқты қымбат қызмет түрлері тегін. Одан басқа, халыққа тағы не ұсынылады?**

– Жыл басында іске қосылған жүйе аясында екі пакет бойынша қызмет көрсетіліп жатыр. Оның бірі – тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында көрсетілетін қызмет түрлері. Шұғыл емхана, амбулатория, стационар көмегі, вакцина, профилактика дегендей. Бұлардың бәрі Үкімет қаулысымен бекітілген тізімге сәйкес медициналық қызметті тұтынады. Аурушаңдыққа, мүгедектікке, өлімге әкеп соғатын жұқпалы емес 25 түрлі ауру Денсаулық сақтау министрлігінің құжаты бойынша регламенттеледі. КТ, МРТ-дан басқа жоспарлы стационарлық көмектің бәрі МӘМС пакетіне кіреді. Жоспарлы деп отырғаным – емхана немесе бейінді дәрігер жолдамасымен портал арқылы емделу. Оның ішінде жоғары технологиялық көмек те бар. Бұл – бауыр, бүйрек, жүрек, сүйек кемігін ауыстыру, ми мен ағза ақауын түзеу операциялары. Адам органын ауыстыру өте қымбат тұрады, 70 миллион теңгеге дейін барады. Медициналық оңалту емі бюджет қаражатының жеткіліксіздігіне байланысты бүгінге дейін қолжетімсіз болып келді. Ол үшін облыс бойынша 36 есе көп қаржы бөлініп отыр. Нарыққа қосылған жаңа ойыншылар мол инвестиция салуда. Жеке медицина мекемелері оңалту клиникаларын ашып, халыққа көмек көрсетіп жатыр. Қызылордадағы «Сана-сезім» клиникасы жаңа, үлкен ғимаратты тәуліктік стационар етіп қойған. Оған көбіне инфаркт алғандар, жүрегіне стенд қойғандар, операция жасатқандар, буын ауыстырғандар денсаулығын жақсарту үшін барады. МӘМС пакетінде тегін дәрі-дәрмек қарастырылған. Ол бұрын да бар еді, қазір тізім толықты. Сәуірден бастап есепке алынған адамдар үшін тегін дәрі-дәрмекке қол жеткізу мүмкіндігі туып отыр.

**– Көпшілік біле бермейді, сақтандыру шарты ақылы клиникаларға да қатысты ма?**

– Сақтандыру қоры емханаларды жеке немесе мемлекеттік деп бөлмейді. Тек нормативті құжаттармен бекітілген талаптарға жауап беруі тиіс. Біз ұйымдастырған мемлекеттік сатып алу процестеріне қатысып, мүмкіндігін дәлелдесе, қай-қайсысы да тұрғындарға көмек көрсете алады.

**– МӘМС бойынша ақысыз берілетін дәрілер, көрсетілетін қызметтер тізімінен халық қаншалықты хабардар? Бұл туралы ақпаратты қайдан алсақ болады?**

– Әрбір тұрғын мұндай ақпаратты өзі тіркелген емханадан алады. Республикада – 14-06, облыста – 40-00-01 нөмірлі call орталықтары жұмыс істеп тұр. Денсаулық сақтау министрлігі мен басқармасының, сақтандыру қорының сайт, блогтарына жүгінуге болады. Халық жаңа жүйеден хабардар. Өйткені түсіндіру жұмысы 2016 жылдың екінші жартысынан бері жүргізілді. Әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерінің көп көмегі тиді.

**– Бастауын Германиядан – «Бисмарк моделінен» алатын медсақтандырудың әлемде бірнеше үлгісі бар көрінеді. Олар қандай, Қазақстан қайсысына сүйенді?**

– Денсаулық сақтау саласында халыққа қызмет көрсетудің үш үлгісі бар. Біріншісі – мемлекеттік, оны «Бевереджа моделі» деп атайды. Бүкіл мәселе мемлекет бюджетінің есебінен шешіледі. Бізде кешеге дейін осылай болып келді. Өткен ғасырдың орта шенінен бері бірнеше ел осы жүйеге жүгінеді. Ал әлеуметтік сақтандыру немесе «Бисмарк моделінде» халық белгілі бір мөлшерде ортақ қазанға қаражат құяды. Оның игілігін барлығы шектеусіз пайдаланады. «Бисмарк моделі» Франция, Германия, Австрия, Бельгия, Швейцария, Голландия Жапония сияқты дамыған мемлекеттерге тән. Нюанстары болғанмен, тиімді тұсы әлеуметтік сала, оның ішінде денсаулық сақтау мәселелері бойынша негізгі кепілдікті мемлекет өз мойнына алады. Тұрмыстық жағдайы көтермейтін адамдарға да қарасады. Медициналық қызмет нарықтық қағидаға сәйкес көрсетіледі. Жеке немесе ақылы үлгі негізінен АҚШ-та қолданылады.

**– 15 түрлі санаттағы адамдардың жарнасын мемлекет төлейді. Статусы анықталмағандар да аз емес. Осы кісілер мен дербес төлеушілерге ұсынылатын қызмет пакетінде айырмашылық бола ма?**

– Айырмашылық болмайды. Медициналық көрсетілім бойынша сақтандырылған адамдар МӘМС пакеті шеңберінде тегін қызмет алады. Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі үшін сақтандырудың болуы шарт емес.

**– Біреулер ауру жанына батпайынша дәрігерге бармайды, біреулер өзін жақсы күтеді. Біз айтқан бірінші топтағылар МӘМС-тің мүмкіндігін пайдаланбаса, оған салған жарнапұлы күйіп кетпей ме?**

– Бір қазанға түскен жарнапұлды қолдануда бөліп-жару болмайды. Оның игілігі ел азаматтары, сырттан оралған қандастарымыз бен Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдіктер үшін ортақ.

**– Жаңа жүйені қолданудағы қызылордалықтар мен жеке емханалардың белсенділігі қай деңгейде?**

– Халықтың белсенділігі сақтандыру нарығындағы жеке емханалардың үлесіне тікелей байланысты. Біздің дерекқорға МӘМС және тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде қызмет көрсетуге мүмкіндігі бар емдеу ұйымдары топтастырылған. Облыс бойынша қазіргі күні олардың саны – 114. Оның 33-і – мемлекеттік, 81-і – жеке. Осылайша жеке емханалар саны жөнінен Қызылорда республикада алдыңғы орындардың бірінде тұр. Бұл бәсекелестік тудырып, тұрғындар үшін таңдау мүмкіндігін береді. Медициналық қызметтің сапасы сәйкесінше артады.

**– Халықтың аузында «мемлекеттіктен гөрі ақылы емханаларда жақсы қарайды» деген пікір бар. Сіз қалай ойлайсыз?**

– Жеке емханалар қаржы санауды, оны ыждағаттап жұмсауды жолға қойған. Әрбір тиын маңдай терімен келген соң табыс түсіргенді дұрыс көреді. Ал ақша пациенттің артынан еріп жүреді. «Жақсы қарайды» деген пікірге келсек, ол дәрігердің білім-біліктілігіне, тәжірибесіне тікелей байланысты. Қандай емханада болса да мықты маманның іздеушісі көп.

**– Дәрігерден бір кеңес болсын, сіз қалай күтінесіз?**

– Тамақ, ұйқы, демалыстың нормасын барынша сақтаймын. Асыл дініміздегі «асқазанды үшке бөл, бірі – су, бірі – тамақ, бірі ауа болсын» деген тәмсілді ұстанамын. Қимыл-қозғалысқа көп мән беремін. Фитнес, жүгіру залдарына барып тұрамын.

**– Әңгімеңізге рахмет!**

Әңгімелескен
**Назерке САНИЯЗОВА,**
**«Сыр бойы».**




## Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексін жақсарту – басты міндеттердің бірі

Бүгінде еліміз әлемдік аренада өзіндік орнын алған, дамыған мемлекеттермен терезесі тең тұр. Сондай-ақ халықаралық рейтингтерде ұдайы жоғарылау үстінде. Осындай рейтингтердің бірі жаһандық бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші болып табылады.

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі – жаһандық зерттеулер және әлем елдерінің экономикалық бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші бойынша онымен қоса жүретін оның рейтингі. 2019 жылғы рейтинг қорытындысына сәйкес, Қазақстан 55 орынды иеленді, 2018 жылмен салыстырғанда еліміз көрсеткіштерін 4 тармаққа жақсартты.

Елімізде соңғы жылдары мемлекеттік реттеуді азайтуға бағытталған елеулі реформалар жүргізілді. Әкімшілік кедергілер қысқартылып, бизнес-климат жақсартылды. Халыққа қызмет көрсету рәсімдері оңтайландырылып, регламенттелді, мемлекет тарапынан тексерулер мен рұқсат ету рәсімдері жүйеге келтірілді. Бұрын кәсіпкерлікті реттейтін көптеген нормативтік-құқықтық актілер болатын. Қазіргі таңда оның барлығы бір акт – Кәсіпкерлік Кодексімен реттеледі, оның негізгі бағыты – кәсіпкерліктің дамуына құқықтық жағдай жасау.

Әділет министрлігі Дүниежүзілік экономикалық форумның бәсекеге қабілеттілік жаһандық индексінің 4 индикаторының негізгі орындаушысы болып табылады. Олар – «Әкімшілік реттеуді дауласу кезіндегі заңнаманың тиімділігі» индикаторы, «Меншік құқығы» индикаторы, «Даулы мәселелерді шешудегі заңнаманың тиімділігі индикаторы, «Зияткерлік меншікті қорғау» индикаторы. Әділет департаменті осы индикаторлар бойынша көрсеткішті жақсартуға жұмыстар жасауда. Айталық өткен жылы халық арасында заңнамаларды түсіндіру бойынша қарқынды істер атқарылды. 2020 жылдың басынан Зияткерлік меншік құқықтары бөлімі, Арал, Қармақшы, Шиелі ауданаралық Әділет басқармалары дөңгелек үстелдер, семинарлар өткізіп, аудан тұрғындары және бизнес өкілдерімен кездесуде. Сонымен қатар Әділет департаментінің жұмыс барысымен халықты ақпараттандыру, қызмет түрлері мен функциялары жайлы түсінік беру мақсатында бөтеннің тауар белгісін заңсыз пайдалануға жол бермеу туралы 2 бейнеролик әзірленіп, «Сета Медиа» ЖШС А.Байтұрсынов көшесінің бойында орналасқан LED-экран арқылы жарықтандыруда.

Департамент 2019 жылы барлығы 683 ақпараттық шара ұйымдастырды. Оның ішінде, 63 дөңгелек үстел, 61 семинар, газетке 39 мақала, телеарна, радиодан 26 сұхбат (оның 3 бейнеролик), 494 дәріс өткізіп, атқарылған шаралардың 88-і Вебсайтқа орналастырылды.

Сонымен қатар барлық қала, аудандық әділет басқармалары зияткерлік меншік объектілерін пайдаланушылармен, құқық иегерлері, кәсіпкерлік палата өкілдерін қатыстырып, «Nur Otan» партиясы қалалық, аудандық филиалының ғимараттарында 29 «Ашық есік» күні өткізіліп, барлығы 44 азаматтың сұрақтарына тиісті жауап берілді, құқық қорғау органдары 18 брифинг ұйымдастырды.

ҚР Әділет министрлігінің «Контрафакт» республикалық акциясын өткізу барысында облыс Әділет органдары 8 хабарландыру, 2 мақала жариялады, 3 теле-радиодан сұхбат берілді, «Қоғам ТВ» телеарнасы 7 сәуірден 7 мамыр аралығында акция және конкурс өткізілетіні туралы дайындалған бейнероликті теледидардан 1 ай бойына көрсетілді. Облыс бойынша «Контрафакт» республикалық акциясына қатысу туралы жоғарғы, арнаулы оқу орындары мен мектептерде студенттермен, оқушылармен 28 кездесу өткізіліп, контрафакт мәселелері туралы дәрістер оқылды. Мұндай жұмыстарды жүргізудің басты себебі – жария-құқықтық қатынастарда заңды тең құқықты емес тараптар қатысатындығына байланысты.

«Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Н.Назарбаев Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елі қатарына кіруі жөнінде тапсырма берді. Сондай-ақ, қазақстандықтардың әлемдегі ең дамыған елдерінің қатарына қосылу мақсатына жету жолдарының бірі ретінде шағын және орта бизнесті дамытуды ұсынды. Шағын және орта бизнес – Жалпыға ортақ еңбек қоғамының берік экономикалық, ел болашағы дамуының, өркендеуінің негізі. Себебі ұлттың және мемлекетіміздің бәсекеге қабілеттілігі осыған негізделеді.

«Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 7-тармағына сәйкес, әділет органдарына жүктелген міндеттердің бірі – зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру, іске асыру, яғни тауар таңбасын заңсыз пайдалануға орай жеке және заңды тұлғаларға қатысты жоспардан тыс тексерулер жүргізу болып табылады.

2019 жылы зияткерлік меншік саласы бойынша жеке және заңды тұлғалардан 8 өтініш түсіп, жүргізілген жоспардан тыс тексерулер нәтижесінде 3 құқық бұзушылық анықталып, 5 жеке кәсіпкерден құқық бұзушылықтар анықталмады. Анықталған құқық бұзушылықтар бойынша ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 158-бабы, яғни бөтеннің тауар белгісін заңсыз пайдалану бойынша 3 әкімшілік іс (1 іс соттың қарауында) қозғалып, 2 құқық бұзушыға 88375 теңге айыппұл салынды, айналымнан заңсыз 215 дана 345698 теңгенің контрафактілік өнімдері алынды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 26.12.2019 жылғы №229 Жарлығына (бұдан әрі-Жарлық) сәйкес шағын кәсіпкерлікті, оның ішінде микрокәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайды жақсарту мақсатында 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін орталық мемлекеттік және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуге мораторий енгізілді.

Жарлыққа сәйкес, Қызылорда облысының әділет департаментінің зияткерлік меншік құқықтары бөлімі, аудандық әділет басқармалары тауар белгісін заңсыз пайдаланғаны үшін шағын және микрокәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексеріс жүргізуді тоқтатты.

Алайда, бұл Жарлық орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне, сондай-ақ, жеке тұлғаларға қатысты тексерулер жүргізуге қолданылмайды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Патент туралы Заңының 33-бабына сәйкес, құқық иеленушінің өнеркәсіптік меншік объектісіне қатысты құқықтарды қорғау мәселесі бойынша (азаматтық-құқықтық дауларды шешу тәртібімен) сотқа жүгінуге құқығы бар.

Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің озық тәжірибесін біздің өңірде де енгізуге мүдделі. Ол зияткерлік меншікті қорғау ісін ілгерілету. Бұл – еліміздің мәдени-экономикалық дамуының бірден-бір бастауы болмақ. Сондықтан Әділет органдары алдағы уақытта облыс тұрғындары мен кәсіпкерлік субъектілері арасында осы шараларды кеңінен насихаттау жұмыстарын жалғастыра береді.

**Б.ӘЛМЕШ,**
**Қызылорда облысының Әділет департаменті басшысының орынбасары, «Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы.**


### Арал ауданы тұрғындарының назарына!

Аудан көлемінде ауыз суға көктемгі жуу-залалсыздандыру жұмыстарының жүргізілуіне байланысты, төменде көрсетілген уақытта су құбырынан ауыз су пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

06-07 сәуір 2020 жылы – Қосаман, Бердікөл, Ақеспе елді мекендерінде;

08 сәуір 2020 жылы – Сексеуіл, Құланды, Шоқысу елді мекендерінде;

09 сәуір 2020 жылы – Конту, Жалаңаш (Мергенсай), I және II Жалаңаш су көтеру н/с, Шижаға елді мекендерінде;

13-14 сәуір 2020 жылы – Сапақ, №3 Арал н/с, Шөміш, Қамыстыбас, Аралқұм, I, II және III кезең, Аққұлақ, Аманөткел, Бөген, Қарашалаң, Жаңақұрылыс, Көне және Орталық Қаратерең, Тастақ, Ақбай, Қосжар елді мекендерінде;

15-16 сәуір 2020 жылы – Райым, Ескіұра, Құмбазар, Қызылжар, СП-1 Ескіұра н/с, НС-2 Райым н/с, Үкілісай, Шөмішкөл, Ақшатау, Бекбауыл елді мекендерінде;

20 сәуір 2020 жылы – Жақсықылыш кентінде;

21 сәуір 2020 жылы – Арал қаласында.

**Анықтама тел.: 8(72433) 2-64-50.**

**«Арал» СЖКБД филиалының «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі.**

### Қазалы ауданы тұрғындарының назарына!

10.04.2020 жылы – Ақсуат, Майлыбас, Байқожа, Көбек, Еңбекшіқазақ, Қызыләскер, Ойынды, Алтай елді мекендерінде;

13.04.2020 жылы – Әйтеке би кентінде;

14.04.2020 жылы – Аққесек №2 насос станциясының ауыз су жүйелерінде жоспарлы көктемгі жуу-залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз су пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

**Анықтама тел.: 8(72438) 2-41-20, 8776 875-79-66.**

**«Арал» СЖКБД филиалының Қазалы ауданы бойынша оқшау су көздерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі.**

### Қармақшы ауданы тұрғындарының назарына!

2020 жылдың 06-07 сәуір аралығында III Интернационал, Дүр Оңғар, Төребай би елді мекендері, Иіркөл және Жосалы кентінің ішкі су жүйелері мен магистралды су құбырына жоспарлы көктемгі жуу-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілетінін хабарлай отырып, осы уақытта су құбырынан ауыз су пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

**Анықтама тел.: 8(72437) 2-27-64.**

**«Арал» СЖКБД филиалының «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі.**

08.04.2020 жылы – Көмекбаев, Қуандария, Алдашбай ахун елді мекендерінде;

09.04.2020 жылы – Тұрмағамбет, Ақжар елді мекендерінде;

10.04.2020 жылы – Ақтөбе, Қармақшы елді мекендерінің ауыз су жүйелерінде жоспарлы көктемгі жуу-залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз су пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

**Анықтама тел.: 8(72437) 2-14-98.**

**«Арал» СЖКБД филиалының «Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі.**

### Жалағаш ауданы тұрғындарының назарына!

06.04.2020 жылы – Бұхарбай батыр, Ақсу, Аққұм, Еңбек, Шәменов, Қаракеткен елді мекендерінде;

07.04.2020 жылы – Аламесек, Жаңадария, Мырзабай ахун, Мақпалкөл, Мәдениет елді мекендерінде;

08.04.2020 жылы – Жалағаш кенті және Жаңаталап, Таң, Аққыр елді мекендеріндегі ауыз су жүйелерінде жоспарлы көктемгі жуу-залалсыздандыру жұмыстарының жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз суды пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

**Анықтама тел.: 8(72431) 3-15-45.**

**«Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданы бойынша оқшау су көздерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі.**

### Сырдария ауданы тұрғындарының назарына!

06.04.2020 жылы – Айдарлы, Жетікөл, Амангелді елді мекендерінде;

07.04.2020 жылы – Бесарық, Қоғалыкөл, Ширкейлі елді мекендерінде;

08.04.2020 жылы – Н.Ілиясов, Шаған елді мекендерінде;

10.04.2020 жылы – Ақжарма, Іңкәрдария елді мекендерінде;

13.04.2020 жылы – А.Тоқмағанбетов, С.Сейфуллин, Қалжан ахун елді мекендерінде;

14.04.2020 жылы – Тереңөзек кенті №1, №3, №4, №5 насос станцияларында ауыз су жүйелерінде жоспарлы көктемгі жуу-залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз суды пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

**Анықтама тел.: 8(72436) 2-18-00.**

**«Арал» СЖКБД филиалының Сырдария ауданы бойынша оқшау су көздерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі.**

### Қызылорда қаласы тұрғындарының назарына!

06.04.2020 жылы – Талдыарал, Ақжарма, Ақсуат, Иіркөл елді мекендерінде;

07.04.2020 жылы – Бірқазан, Белкөл-1, Белкөл-2 елді мекендерінде;

08.04.2020 жылы – Абай, Досан, Қарауылтөбе елді мекендерінде;

09.04.2020 жылы – Қараөзек, Айнакөл, Талсуат елді мекендерінде және Талсуат емханасы ауыз су жүйелерінде жоспарлы көктемгі жуу-залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз суды пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

**Анықтама тел.: 8 (7242) 70-08-54.**

**«Арал» СЖКБД филиалының Қызылорда қаласы бойынша оқшау су көздерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі.**

### Шиелі ауданы тұрғындарының назарына!

06.04.2020 жылы – Шиелі кенті және Еңбекші, Жиделіарық, Қодаманов, Бекежанов елді мекендерінде;

07.04.2020 жылы – Шиелі кенті және №21 Бекет, Жансейіт, Ортақшыл, Алмалы, Досбол би, Тәжібаев елді мекендерінде;

08.04.2020 жылы – Көкшоқы мөлтек ауданы және Жақаев, Байсын, Бидайкөл, Бестам, Алғабас елді мекендерінде;

09.04.2020 жылы – М.Шоқай, 1 Мамыр, Бірлестік, Майлытоғай елді мекендерінде;

10.04.2020 жылы – Бұланбай бауы, Бәйгеқұм, Тартоғай, Ботабай елді мекендерінің ауыз су жүйелерінде жоспарлы көктемгі жуу-залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз су пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

**Анықтама тел.: 8(72432) 4-19-99.**

**«Арал» СЖКБД филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі.**

### Жаңақорған ауданы тұрғындарының назарына!

07.04.2020 жылы – Жаңақорған кенті, №1 насос станциясы, №2 Құмсахаба насос станциясы, №3 КТУ насос станциясы ауыз су жүйелерінде;

08.04.2020 жылы – Екпінді, Еңбек, Сунақата, Төменарық-1, Төменарық-2, Қожамберді, Сүттіқұдық, Жайылма елді мекендерінде жоспарлы көктемгі жуу-залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз суды пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

**Анықтама тел.: 8(72435) 2-39-70.**

**«Арал» СЖКБД филиалының «Жиделі топтық су құбырын пайдаланушы Жаңақорған» өндірістік бөлімшесі.**

09.04.2020 жылы – Кейден, Байкенже, Әбдіғаппар, Жаңарық, М.Нәлібаев, Өзгент, Қожакент, Келінтөбе, Түгіскен елді мекендерінде;

10.04.2020 жылы – ст. Бесарық, Манап, Қыраш, Бірлік, ст. Талап, Қандөз елді мекендері ауыз су жүйелерінде жоспарлы көктемгі жуу-залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз суды пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

**Анықтама тел.: 8(72435) 7-32-03.**

**«Арал» СЖКБД филиалының Жаңақорған ауданы бойынша оқшау су көздерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі.**

*БСН 191 041 027 733 24.10.2019 ж.*

### «Нұра топтық су құбыры» РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалынан ауыз су тұтынатын барлық тұтынушылар назарына!

Елімізде орын алып отырған төтенше жағдайға байланысты COVID-19 коронавирусының таралуын болдырмау, қауіпсіздік режимін сақтау мақсатында тұтынған ауыз су ақысын аймақтарда орналасқан орталық кассаға келіп төлем жүргізулеріңізді сұраймыз!

Біз үшін тұтынушылардың денсаулығы маңызды. Біздің басты мақсатымыз – барлық тұтынушыларды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету болып табылады. Сол себепті, ауыз су өлшеуіш құралдарының көрсеткіштерін төмендегі WhatsApp нөмірлеріне жолдауларыңызды және де қосымша сұрақтар болған жағдайда төмендегі нөмірлерге хабарласуларыңызды сұраймыз.

**Арал ауданы бойынша**

**Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры:** 8/72433/26450, aralsarbulak@mail.ru

1. Абонент бөлім меңгерушісі - Маханова Күлжамила, ұялы тел.: 8702 361 22 35;

2. Техник-программист - Ресова Гулнара, ұялы тел.: 8702 870 35 07 WhatsApp;

3. Заңды тұлға бақылаушы - Нұрманов Омар, ұялы тел.: 8702 796 58 52 WhatsApp.

**Қазалы ауданы бойынша**

**Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі:** 8/72438/23033, 8/72438/21033, abonent_kazaly@mail.ru

1. Абонент бөлім меңгерушісі - Есекейева Ғалия, ұялы тел.: 87752020312;

2. Техник-программист - Жабиев Султан, ұялы тел.: 8778 307 43 43 WhatsApp;

3. Заңды тұлға бақылаушы - Кулмаханова Осилия, ұялы тел.: 8775 249 66 86 WhatsApp.

**Оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі:** 8/72438/24120, Baikoja_odsp@mail.ru

1. Абонент бөлім меңгерушісі - Орынбасарова Сәнгүл, ұялы тел.: 8701 793 44 03;

2. Техник-программист - Машенбаев Әбдіғани, ұялы тел.: 8707 847 85 26 WhatsApp.

**Қармақшы ауданы бойынша**

**Октябрь топтық су құбыры:** 8/72437/31815, Ogv_kadr@mail.ru

1. Абонент бөлім меңгерушісі - Калиев Темирлан, ұялы тел.: 8702 974 60 36, 8771 478 94 86;

2. Техник-программист - Мухадамова Гулжайна, ұялы тел.: 8775 124 93 05 WhatsApp;

3. Заңды тұлға бақылаушы - Есмамбетова Аккенже, ұялы тел.: 8700 401 19 90 WhatsApp.

**Оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі:** 8/72437/ 22961, Kts_22961@mail.ru

1. Абонент бөлім меңгерушісі - Жарасов Ғабит, ұялы тел.: 8705 961 21 94;

2. Техник-программист - Айтмағанбетов Қамбар, ұялы тел.: 8771 497 91 66, 8707 723 54 09 WhatsApp.

**Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі:** 8/72437/24053, Toretam.akajvoda@mail.ru

1. Абонент бөлім меңгерушісі - Сүюбаева Гүлмарам, ұялы тел.: 8771 821 33 00,

2. Техник-программист - Турсынбаев Азат, ұялы тел.: 8776 899 98 90 WhatsApp.

**Шиелі ауданы бойынша**

**Жиделі топтық су құбыры:** 8/72432/ 43618, 41317, Rgp.zhgv@mail.ru, gullzatt@mail.ru

1. Абонент бөлім меңгерушісі - Сырымбетова Гульзира, ұялы тел.: 8775 119 81 87;

2. Техник-программист - Сагындыкова Гульмира, ұялы тел.: 8775 191 13 71 WhatsApp;

3. Заңды тұлға бақылаушы - Айдаралиева Дина, ұялы тел.: 8778 282 00 30 WhatsApp.

**Жалағаш ауданы бойынша**

**Оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі:** 8/72431/ 31545, odspzhalagash@mail.ru

1. Абонент бөлім меңгерушісі - Мергенова Айгерим, ұялы тел.: 8771 480 51 85 WhatsApp.

**Сырдария ауданы бойынша**

**Оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі:** 8/72436/ 21800, Orken-su@mail.ru

1. Абонент бөлім меңгерушісі - Ситасанов Нурлан, ұялы тел.: 8747 921 02 76;

2. Заңды тұлға бақылаушы - Дауымбаев Нуржан, ұялы тел.: 8777 499 37 11 WhatsApp.

**Жаңақорған ауданы бойынша**

**Жиделі топтық су құбырын пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесі:** 8/72435/24842, Janakorgan_odsp@mail.ru

1. Абонент бөлім меңгерушісі - Мурзаметова Жазира, ұялы тел.: 8702 932 17 57;

2. Техник-программист - Идрисов Канат, ұялы тел.: 8 701 112 39 34 WhatsApp;

3. Заңды тұлға бақылаушы - Мырзабекова Айгерим, ұялы тел.: 8707 282 77 91 WhatsApp.

**Оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі:** 8/72435/ 73203, Lsb.zhanakorgan@mail.ru

1. Абонент бөлім меңгерушісі - Қалдыбаева Гүлпаршын, ұялы тел.: 8778 810 63 70;

2. Техник-программист - Мамбетов Зият, ұялы тел.: 8702 691 83 47 WhatsApp.

**Қызылорда қаласы бойынша**

**Оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі:** 87242/700854, kzo_okshau@mail.ru

1. Абонент бөлім меңгерушісі - Баекешова Гулнар, ұялы тел.: 8771 034 30 15;

2. Техник-программист - Лесханқызы Балнур, ұялы тел.: 8707 418 08 30 WhatsApp.

*БСН 191 041 027 733 24.10.2019 ж.*

### Хабарландыру

«Сырдария-1» КС» ЖШС құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысын 2020 жылдың 24 сәуір күні сағат 11:00-де мына мекенжайда өткізетінін хабарлайды: Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №10А.

**Күн тәртібінде:**

1. «Сырдария-1» КС» ЖШС құрылтайшыларының үлестерін сату, құрылтайшылар қатарынан шығару және үлесінің бөлігін сату, жаңа құрылтайшыларды қабылдау, несие лимитін бөлу, жиналыстың қорытындысымен белгіленген Жарғылық капиталын бекіту туралы және осы өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізу, Әділет басқармасына тіркеу.

2. «Сырдария-1» КС» ЖШС құрылтайшыларын одан әрі қаржыландыруға «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-нан жылдық 20 пайызға дейін, 20.04.2046 жылға дейін ашылған несие желісін ұлғайтып, несие желісін бекіту және кепіл мүлікпен қамтамасыз ету мақсатында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ алдындағы міндеттемелерді орындау үшін серіктестіктің депозиттік шотындағы қаражатын кепілге қоюды, сот рәсімінсіз сату құқығына және акцепсіз шығыстан шығару құқығына келісім беру.

3. «Сырдария-1» КС» ЖШС-ның 04.03.2020 жылы және 30.03.2020 жылы өткізілген Басқарма жиналысының қорытындысымен құрылтайшыларының үлестерін сату, үлесінің бөлігін сату, қатарынан шығару, жаңа құрылтайшыларды қабылдау, борышкерлердің және серіктестіктің несие желісін ұлғайту (азайту), серіктестіктің Басқарма жиналысының қорытындысымен бекітілген өзгерістерді (толықтыруларды) жалпы жиналыста қайта бекітуді, Жарғыға, Құрылтай шартына енгізуді және Әділет басқармасына тіркеу.

4. «Сырдария-1» КС» ЖШС-ның 2020 жылдың 1 мамырынан бастап бюджет пен штат кестесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, бекіту.

5. «Сырдария-1» КС» ЖШС-ның балансындағы KIA Sorento, нөмері 828 АО 11, көлікті «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-нан кепілден босатып сатуға келісім беру туралы.

**«Сырдария-1» КС» ЖШС әкімшілігі.**
(БИН: 040 540 001 348)




# АБАЙДЫҢ РУХАНИ ІЛІМІ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы, еліміздің рухани дамуына, оның болашағына жол көрсететін темірқазық жұлдыз болды. Қазір дүние мүлдем өзгерген. Ал қоғамдық ғылымдар да дағдарыс үстінде, оны шешудің бірден-бір тәсілі – ұлы данышпан Абай көрсеткен рухани жолы.**



Рухани даналық шығыстан бастау алады. Оны бізге жеткізген дана да дара Абай. Исламдық шығыстың әдебиетінде, әсіресе араб пен парсы философиясы ерекше орын алады. XIX ғасырда Ресейдегі мұсылмандар арасынан шыққан Шаһабуддин Маржани да дін философиясымен айналысқан. Абай да осылардың бәрін оқыған, оларды жақсы түсінген. Оның араб, парсы тілін жақсы білгені сол, тілде жазылған ислам теориясы мен практикасына жетік екендігі Абайдың өлеңдерінен әсіресе қара сөздерінен (38-қара сөз) байқалады. Бір ерекшелігі, осы жөніндегі Ш.Маржанидің әл Фарабиден келтірген сөздері Абайда да кездесетіндігі. Мысалы «ғақыли, нақыли» түсініктері, тағы басқалары Абайдың шығармаларында да бар.

Әл Фарабидің «Ғылым іздену – адамның адамдық борышы» деген сөздерін Ш. Маржани өз еңбегінде бірнеше жерде қайталап, баса айтады. Ал Абайдың «Ғашарани уа мубашарани» деп келетін қағидасы Ш.Маржанида да айтылған. Бұл пікірдің өзі Абайдың ойына да дәл келгені көрініп тұр. Сондықтан да А.Машановтың көрсеткеніндей, «Абай – Семейде сол Маржани шәкірттерінен оқығандардың бірі. Абай еңбектерінде Маржанидің қозғаған мәселелері көп кездесетіндігі осыдан. Алайда әрбір ойшыл, бір жағынан, өз заманының перзенті болса, екінші жағынан болашақтың да ұлы болмақ. Әл Фараби мен Абай да осындай даналар болды. Сондықтан да оның еңбектерінде және Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде діни терминдер аса көп. Соның әрқайсысының мәнін тереңірек білу аса қажет. Бізге әл Фараби мен Абай мұрасындағы қажетті терминдер ғана емес, олардың философиясындағы рационалдық дәні біз үшін мәндірек. Онда поэзия, философия, саясат, тарих – бұл төртеуі де Абайда біртұтас бір көзқараста көрінеді. Абай әл Фараби, Ибн Синаларды ғана емес, грек әсіресе Аристотель, Эпикур, Демокрит философиясын жақсы білген.

Осы мәселелерді Абай өзінің шығармаларына арқау етті. Абай да ғылым мен діннің арақатынасын өзінше саралайды. Оның айтуынша, дінді дұрыс тани білу – нағыз мұсылманның жетілу жолындағы ізденісі. Себебі, Алла Тағала өзі – ақиқат жол. Адамның білімі ақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің емес, һамманы білетұғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Өзің үшін ол Алланың өзіне ғашықтық керек. Ғылым – Алланың бір сипаты, ол ақиқат, оған ғашықтық өзі де хақылық һәм адамдық дүр дейді. Осы тәріздес сан алуан тарихи деректерді ой елегінен өткізе отырып, Абай дінді тұтынған халықтардың оны әртүрлі атағанымен, олардың Жаратушының барына шек келтірмей, ден қояды. Сол жалғыз Жаратушыны уағыздаушылардың өз таным өресіне қарай жақсылықты, жамандықты істерді өз шариғатына сыйғызып жасай беретіндігін көреді. Осыдан келіп, Абай «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», – деп, бір Алланың барына күмән келтірмейді, оған бар болмысымен сенеді. Бірақ ол «Алланың жолы осы, осылай істе» деушілерге күдікпен қарайды. Олардың сөзі Алланың сөзі емес екеніне оны өз ақыл-ой таразысына салып, ар ұялмас іс қыл дейді. «Ынталы жүрек, шын көңіл, өзгесі хаққа қол емес» дейді.

Міне, «діншіл» Абайдың, ұстаз Абайдың әл Фараби сияқты дінді ғылыммен байланыстырғанда айтқан өсиеті осы. Ол адамгершілік сезімі терең, жүрегі махаббатқа толы кісіні діні дұрыс адам деп есептейді. Дін – адамның көңілі, адамгершілік қасиет деп түсіндіреді. Себебі, «ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қаж ешбір ғибадат орнына бармайды» – дейді. Алланың ақиқаттығын ғылым жолымен танып, шын көңілмен бар ықыласын аударып, махаббат тұтуды керек етеді. Осы орайда біздің бүгінгі күніміздің қамын ойлаған Абайдың ойшыл көрегендігіне еріксіз риза боласың.

Батыс Европа философиясынан орта ғасырдағы араб тілдес философияның (ғылымның) айырмашылығы сол: ілім-білім мен дінді ол тұтастай алып, дінге сеніммен қарады да ілім-білімді тану тұрғысынан алып қарады.

Ғылым мен діннің ара жігін ашып бөлуді әл Фараби ғана бастап берді. Оны екі ғылым саласына бөліп қарайды. Бірін метафизика, екіншісін философия (ғылым) деп атайды. Олар дінге сенім жолымен қарай отырып, сол кездегі тарихи жағдайларды ескере келіп, оны (басқыштық ретпен) бірінші орынға қойып, оның ғылыми сипатын таныта алатын, – дананы әкелді. Мұның өзі Абайдың «Адаспай тура іздеген хакимдер болмаса, дүние ойран болар еді» деп айтқанындай, қазіргі өміріміздің негізгі аксиомасына айналды. Олар әл Фараби мен Ибн Синаны философия мен діннің арасын байланыстырушы «шын мәніндегі мұсылмандар» деп қарады.

Әл Фараби заманындағыдай Абайдың тыңдаушылары да түгелге жуық ислам идеологиясы аясында өмір сүрген жандар болатын. Ақын тыңдаушылардың ой-өрісімен есептесе отырып, өз танымын солардың ұғым дәрежесіне қарай лайықтаған:

Өздерің де ойлаңдар,
Неше түрлі жан барсың –
Тыңдаушымды ұғымсыз
Қылып тәңірім берген-ді, –

деп, босқа налымаса керек. Тыңдаушы құрамына қарай тартар ой-пікірлерін ұғымсыз тыңдаушыларына танымалы термин сөздерімен жеткізбесіне реті де жоқ еді. Уақыт жағдай осыны талап етті.

Әл Фараби өз заманында, мұсылман философиясы тарихында мешайон мектебін қалыптастырды. Мешайондар дәстүрі кейін Ә.Науаи шығармаларында жалғастырылады. Хауаси хамса заһири танымының күрделенген түрі – «аһси жиһан» (Науаиша таным теориясы) атымен дамытыла түсті. Бұл танымның түп-төркіні Аристотельден басталса, соңыра ол әл Фараби еңбектерінде пәрменді түрде дамытылды.

Адам мен хайуан арасындағы басты ерекшеліктің бірі – адам ойындағы он сезім, яғни сыртқы бес сезім мен ішкі бес сезімнің болуында деген таным мешайон мектептеріндегілерге белгілі еді, осы идеяны Абай тірек етеді. Бұл сыртқы бес сезім (хауаси хамса заһири) шығыс, батыс философиясының еңбектерінде бейнелеу теориясына байланысты көп айтылады. Әл Фараби пікірін тиек ете отырып, адамдағы тіршілік мекені жүректе деген Абай өз танымын ұсынады. Абай айтқан хауас жайлы ой-пікірлер көзінің түп-төркіні көп жағынан осы ойшылдар танымымен сабақтасып жатыр.

Осы себептен де Абай: «Құмарланып жиған қазынамызды көбейтпек керек, бұл жанның тамағы еді», – деп өз тарапынан арнайы түсінік те береді. Абай дүниетанымы шешуші орынға тұратын ішкі, сыртқы сезімдер (хауас) жайлы өзекті ойлар жемісі: «Адамның кейбір кездері», «Көзінен басқа ойы жоқ», «Қайғы шығар ілімнен», «Лай суға мал бітпес қой өткенге», «Алла деген сөз жеңіл», «Жүректе қайрат болмаса», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңдері мен 7,19, 27, 31, 34, 38, 43, 45 қара сөздерінде тереңдеп, толыға береді. Мұнда айтылған ойларды белгілі бір жүйе негізінде берілетін өзіндік дербес танымға айналып кеткен аса күрделі пікірлер.

Ақын мұрасының осындай елеулі түрде орын алатын ұғымдардың себебін жан-жақты ашатын тарихи философиялық бағыттағы зерттеу еңбегі қажет-ақ. Абайдың арнайы тоқталған хауас мәселесі 38-сөзіндегі хауас сәлим мен түп иенің (затия) бойындағы сегіз сипатпен (сифатия) тікелей ұштасады. Мұның үстіне Абай тарапынан арнайы ескерту арқылы нақылия, ғақылия дәлелдермен қосылатын ғаделет рахым жайлы сипаттарға ерекше назар аударады. Оның бойындағы осы он сипаттан Абай даралап бөлек алып, ерекше ден қоятын үш сипат: ғақыли; ғаделет; рахым жайлы өзіндік тума гуманистік негіздегі өте терең тың ойлар жемісін таратады. Абай өзіне дейінгі хауасты танушы мутакаллимдер мен мантиқшылардың еңбектерін зерттеп, оқып олардың ойларына жүйелі түрде талдау жасайды. Осы себептен де Абай 38-сөзінде ғалымдар мен хакимдердің бір-біріне ерекшелігі мен айырмашылығына тоқталып, түсініктемелер беріп отыруы жәй нәрсе емес.

Абай пікірінше, «әрбір істің себебін ізденушілерге хакимдер ат қойған» делінеді. Абай «Ескендір» поэмасы мен 27-сөзінде хаким ретінде Аристотель, Сократты, ғалым ретінде Аристодимді атап, олардағы ерекшеліктерді жанама түрде меңзеп өтеді. Ғалым мен хаким арасындағы айырмашылықты осы арада Абай тағы да аңғартады. Біздерге ғылыми зерттеуді, ғылыми талдауды, ғылыми ой-тұжырым жасауды, ғылыми заңдылықтарды ашуды ғұлама-ойшылдар – әл Фараби мен Абайдан үйренгеніміз абзал.

**Тасболат МЕДЕТБАЕВ,**
**филология ғылымдарының кандидаты,**
**«Болашақ» университетінің доценті.**

**ӘЛ ФАРАБИ – 1150**

# АСЫЛ МҰРА – ОБЛЫСТЫҚ КІТАПХАНА ҚОРЫНДА




**Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана қоры ұлы философ, ғұлама ойшыл Әбу Насыр әл Фарабидің 1150 жылдығына орай Халықаралық Абай клубының президенті, жазушы Роллан Сейсенбаевтың құрастыруымен қазақ және орыс тілдерінде шығарылған жеті томдықпен толықты.**

Жинақтың бірінші томында ғұлама ғалымның «Қайырымды қала» кітабындағы тарауларға шолу жасалған. Ал «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деген трактаттарында бірқатар қоғамдық, әлеуметтік, этикалық мәселелер талданған. Әл Фарабидің бұл шығармасында мемлекеттің пайда болуы, ондағы теңсіздіктің өмірге келуі, идеал қала халқының моральдық бейнесі, қала әкімдеріне қажетті адамгершілік қасиеттер, әр адамның бақытқа жету үшін бүкіл қоғам болып тіршілік ету керектігі туралы айтылған.

«Философиялық трактаттар» атты екінші томында әл Фарабидің философиялық көзқарастары, интеллектің түрлері, тіл туралы ғылым, логика, математика, табиғат және тәңірлік ғылымдар, азаматтық ғылым, фиқһ және діни ілім бойынша бес тараулық тақырыптар тереңінен қамтылған.

«Әлеуметтік этикалық трактаттар» атты үшінші томына ұлы ойшылдың «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету туралы» төрт трактаты енгізілген.

Жеті томдықтың «Музыка туралы үлкен кітап» атты төртінші томында әл Фараби музыканың табиғатын түсіндіретін терорияларды, поэзиялық және музыкалық өнердің байланысын ашып көрсетеді.

Ұлы ойшылдың шығармалар жинағының «Ғылым туралы кітап» атты бесінші томына ғалымның «Евклидтің бірінші және бесінші кітап кіріспесіндегі түсініксіз тұстарды түсіндіру», «Геометриялық денелердің табиғи құпиялары мен рухани шебер амалдар туралы кітап», «Адам денесінің мүшелері туралы Аристотельмен келіспеген Галенге айтылған уәждер» және тағы да басқа трактаттары енген. Сондай-ақ бұл томнан ғалымның ғылым мен жаратылыстанудағы, медицина, физика, химия, математика салаларындағы ізденістерін аңғаруға болады.

Алтыншы том – «Ой-сана туралы кітап» деп аталғанымен, бұл алдыңғы кітаптың жалғасы ретінде саналады. Осы жинақтан математика мен жаратылыстану салаларының қыр-сырын терең түсінуге болады. Сондай-ақ бұл томға Дешті-Қыпшақ даласына он бір ғасырдан кейін жеткен Фараби жырлары жинақталған. Әл Фараби өлеңдерін қазақшаға аударған А.Нысаналин. Сонымен қатар кітапта ұлы ойшылдың өмір жолы мен еңбектері туралы мол мәлімет бар.

Жетінші томын Әнуар Әлімжанов «Ұстаздың оралуы» атты романымен аяқтайды. Мұнда автор сонау Х ғасырда ғұмыр кешкен әл Фарабидің ғибратты өмірін сөз етеді. Музыкалық мәдениеті мен сауатының арқасында жазушы әл Фарабидің «Музыканың ұлы кітабын» көркем желіге айналдыруға күш салады. Романнан шартарапқа білім шырағын жаққан, артына рухани мол мұра қалдырған әл Фарабидің жарқын бейнесін көруге болады.

**«СБ» ақпарат.**

**ТЫЛСЫМ**

# ЖАҺАНДА ЖАҢА ДӘУІР БАСТАЛАДЫ

Әңгімені ашық сөзден бастасақ, қазіргі заманда адамдардың пейілі тарылып, дүниеяуилық, пендауилықтың кең таралған тұсына тап келдік. Халық руханияттың төмендеу сатысына аяқ салып тұр. Жеккөрушілік сезімі, жаман ойлау, жаман сөз айту, шүкірліктен шығу, сабырлықтан сая таппау адамзат әлемі мен Жаратушы арасындағы ақпараттық кеңістікті ластады. Құдіреті күші Иенің осы кеңістікті тазалау үшін жер бетіне бүгінгідей сынақ жіберіп отыратынын тарихтан танып білуге болады. Міне, көзге көрінбейтін бір зат бүкіл әлемді тітір етіп жіберді. Соған сай барша халық Құдайдан қол жайып жарылқау тілеуде, болашақтан үміт, жақсылық күтуде. Сол пиғыл, сол ниет адам мен Жаратушы арасындағы ластанған ақпараттық аспанды тазалап жатыр. Екі арадағы өлшем шарықтау шегіне жеткенде жерге жіберілген сынақтың да беті қайта бастайды. Мұны біз коронавирус дерті ең көп таралған Италиядағы ауру көрсеткішінің төмендей түскен деңгейінен көріп отырмыз.

Алдағы кезеңде адамзат жаңа дәуірге қадам басады. Жер бетінде мейірім артады, қақтығыс азаяды, келісімге келушілік көбейеді. Адам баласы өзінің түбі бір екенін мойындап, орасан күшін адамзат құндылығын арттыруға жұмсайды.

Сындарлы шақта жұртымыз үрейге берілмеуі тиіс. Ауру адам ағзасына мидың ойлауымен байланысты келіп түседі. Үрейленген сәтте иммунитет әлсіреп, ағза сыртқы әсерлерді қабылдағыш келеді. Дана халқымыздың «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген тәмсілі есте болуы тиіс.

Өркениетті қоғам өршіген дертпен жан аямай күрес жүргізіп, халықтың саулығы үшін атқа мінер азаматтар қара басын қатерге тігіп күндіз-түні іс үстінде жүр.

Коронавирус инфекциясының тіркелуіне байланысты биылғы жылдың 31 наурызы мен 15 сәуіріне дейін Қызылорда қаласында карантин және Қызылорда облысы аумағы бойынша шектеу шаралары енгізілді. Бұл қазіргі кезеңде өте қажетті шара. Жергілікті жұрт ортақ мүддеге қайшы келетін әрекеттерден тыйылу керек. Ертең-ақ бұлттан шыққан күндей болып жақсы кезең қайта туады. Сол күнге аман-сау жету үшін жасалып жатқан шараларға шынайы ықыласымызбен, оң пейілімізбен атсалысу – әрбірімізге міндет.

**Нартай ТҰРСАНОВ,**
**халық емшісі.**

**МҰРАЛЫҚ ІСТІҢ АШЫЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ**

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Досжанов Жанымбек Нурекеевич 2019 жылдың 27 желтоқсанында қайтыс болған азамат Алданазаров Пралы Калкузовичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 62/2, тел.: 23 15 88, 8 702 369 51 48.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ұжымы Қызылорда облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Дәулетова Ғалия Ноғайқызына анасы, Еңбек Ері, Батыр ана

**Сәлима ЖҰМАБЕКОВАНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 28635 Тапсырыс №1956 Кезекші редактор **Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.**